




ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ

ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМУЫ КІТАБЫ

Базалық деңгей



Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,
Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.И. Күлмаханова

2452.100/07)
К-17 К

«Қазақ тілі»
деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің
Оқу және тіл дамыту кітабы.
«ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ»
(базалық деңгейге арналған)

Алматы
2013

УДК 811.512.122+821.512.122

ББК 81.2 Каз+84(5Каз)

Қ17

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды.

Авторлар ұжымы:

Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,
Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.И. Күлмаханова

«Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің Оқу және тіл дамыту кітабы.
Қ17 «Әдебиет әлемі» (базалық деңгейге арналған). / Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева,
У.О. Асанова және т.б. – Алматы: «Интеллсервис» баспасы, 2013. – 60 б.

ISBN 978–601–7514–03–7

Оқу құралында қазақтың белгілі ақындарының өлеңдері мен жазушыларының көркем шығармаларынан үзінділер топтастырылып берілген. Мұндай шығармаларды сабақта пайдалану тіл үйренушінің тілдің шынайы табиғатын тануына, сол арқылы білім алуына, тіл үйренушінің тілдік тұлға ретінде қалыптасуына көмек береді.



УДК 811.512.122+821.512.122

ББК 81.2 Каз+84(5Каз)

ISBN 978–601–7514–03–7

© ҚР МАМ Тіл комитеті, 2013

© Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,

Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.И. Күлмаханова, 2013

ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМУЫ КІТАБЫНА КІРІСПЕ

1. Оқу құралын тіл үйретушінің көмегі арқылы сабақта пайдалануға болады және өз бетінше оқып-үйрену үшін де пайдасы мол.

Оқу құралына қазақтың белгілі ақындарының өлеңдері мен жазушыларының көркем шығармалары топтастырылған. Оқу құралына жүйеленген материалдар қазақ әдебиетінің даму кезеңдеріне сәйкес хронологиялық тәртіпте берілген. Сонымен бірге оқу кітабында елтанымдық ақпаратты қамтитын мәтіндер ұсынылды. Бұл материалдар негізінде тіл үйренушілер қазақ елінің шынайы тыныс-тіршілігінен ақпарат алады және әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту тіл үйренушінің *білік пен дағдысын* қалыптастыруға негіз болады. Оқу құралына енген материалдар танымдық сұрақтарды қамтиды.

Сабақта мұндай мәтіндерді пайдалану тіл үйренушінің тілдің шынайы табиғатын тануына, сол арқылы білім алуына көмек береді. Тіл үйренушінің білімі шығармашылық қызығушылығымен қалыптасады, елтаным бағытындағы құзыреті орнығады. Жеке тұлғаның «тілдік тұлға» ретінде қалыптасуына қазақтың белгілі ақындары мен жазушыларының шығармаларын оқып-үйрену игі әсер етеді.

2. Тіл үйренушінің өз бетінше оқитын немесе тіл үйретушінің тікелей көмегі арқылы оқытылатын елтанымдық материалдардың, яғни өлеңдер мен көркем шығармалардың лингвоелтанымдық білімді тереңдетуде, сөздік қорды молайтуда маңызы зор. Бұл көркем шығармалардың мазмұны түпнұсқалық мәтіндер болғандықтан, тіл үйренушінің танымын және тілін дамытады. Оқу құралына енген қазақ халқының бай жазба әдебиеті шығармаларының мазмұнына көркемдік жағынан талдау жасау мақсаты көзделмейді, керісінше бұл көркем шығармаларды оқып-үйрену арқылы тіл үйренушінің тілдік жорамал, болжам жасау міндеттерін шешу әрі тілін дамыту талаптары жүзеге асырылады.

3. Көркем шығармаларды оқыту әдістемесі

Оқу құралына енген әдеби шығармалардың мәтінімен жұмыс үш кезеңнен тұрады: танысу кезеңі, мәтінді оқу кезеңі және мәтіннен кейінгі кезең.

1) *Танысу кезеңінің мақсаты* – тіл үйренушінің көркем шығарма және поэзия тілін оқып-үйренуге қызығушылығын тудыру және оған шынайы ақпараттық білім беру.

Алдымен ақындар мен жазушылардың қысқаша өмірі, олардың шығармалары туралы мәлімет беріледі, сонымен бірге түрлі логикалық және танымдық сұрақтар бойынша әңгіме жүргізіледі. Сонан соң тіл үйренуші өлең құрылысы және көркем шығарма мазмұнымен танысып, алған білімін ауызша сөйлеуде қолдануға тырысады.

2) *Мәтінді оқу кезеңі (Оқимыз. Жазамыз)*. Бұл кезеңде мәтін тағы бір рет қайталанып оқылады. Тіл үйренуші қиын сөздердің түсіндірмесімен танысып, жазбаша тапсырмаларды орындайды.

3) *Мәтіннен кейінгі кезең (Тыңдаймыз. Сөйлейміз)*. Бұл кезеңде шығарма мазмұнындағы кейбір елтанымдық және тілдік ақпараттарды логикалық ойлау тұрғысынан түсіну әрекеттері жүзеге асырылу керек. Мысалы, «Сіз қалай ойлайсыз?», «Автордың ойымен келесіз бе?»



АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ

(1845-1904)

Абай Құнанбаев – ұлы ақын, сазгер. Ол жастарды оқу-білімге шақыратын, табиғат көріністерін суреттейтін өлеңдер жазған. Оның «Желсіз түнде жарық ай», «Сегіз аяқ», «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, қаламқас» деген әндері де бар. Ақынның «Желсіз түнде жарық ай» деген өлеңінде табиғаттың сұлу көрінісі суреттеледі.

Желсіз түнде жарық ай

1. *Өлеңнің тақырыбын оқыңыздар.*

- Берілген сурет пен өлеңнің тақырыбының байланысын түсіндіріңіздер.
- Абайдың қандай әндерін білесіздер?
- Өлең не туралы айтылуы мүмкін?
 - а) табиғаттың сұлулығы
 - ә) қыздың сұлулығы
 - б) жігіттің сұлулығы
 - в) өнер, білім туралы

■ ТЫҢДАЙМЫЗ

2. *Өлеңнің бірінші шумағын тыңдаңыздар, әуенмен айтыңыздар.*

Желсіз түнде жарық ай

*Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.*



■ СӨЙЛЕЙМІЗ

3. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Ақын өлеңде айдың суретін қалай бейнелеген?
- Сіздер оны басқаша қалай суреттер едіңіздер?
- Өлеңнен ауылды суреттеген жерді көрсетіңіздер.

желсіз – жел жоқ,
тым-тырыс
сәуле – шашырап
түскен жарық, нұр.
дірілдеп – дір-дір етіп
қозғалу, қимылдау
сай – өзегі мен табаны
жазық келетін, жары
жоқ ойпаң жер
күріл – күр-күр еткен
дыбыс, гүріл

■ ОҚИМЫЗ

4. Өлеңнің екінші шумағын оқыңыздар, әуенмен айтыңыздар.

Қалың ағаш жапырағы,
Сыбырласып өзді-өзі.
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

5. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Ақын ағаштың жапырағын қалай суреттейді?
- Ақын даланы қалай суреттейді?
- «Жер жүзі жасыл» дегенді қалай түсінесіздер?
- «Жер жүзі құлпырады» дегенді қалай түсінесіздер?
- Өлеңнің екінші шумағын қайта тыңдай отырып, өлеңдегі табиғат көрінісінің суретін салыңыздар.

■ ОҚИМЫЗ

6. Өлеңнің үшінші шумағын әуенмен айтыңыздар.

Тау жаңғырып, ән қосып
Үрген ит пен айтаққа.
Келмеп пе едің жол тосып
Жолығуға аулаққа?

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

7. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Ақын таудың жаңғыруын қалай суреттеген?
- Сүйіктісімен кездесу сәті өлеңде қалай суреттеледі?

8. Өлеңді жаттап алыңыздар.

■ ЖАЗАМЫЗ

9. Әнді айта отырып, қандай сурет салар едіңіздер? Ойыңызды жазыңыз.

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.

сыбыр – ақырын айтылатын сөз, күбір
құлпыру – жайнау, түрлену
жасыл – өсімдіктің курамаған, сарғаймаған көк балауса кезі

жаңғыру – дауыс, үннің күмбірлеп қайталанып шығуы
айтақ – ит қосқанда айтылатын ишарат сөз
аулақ – 1) қашық, жырақ, алыс;
2) оңаша, бөлек

10. Өлеңді әңгіме түрінде жазыңыздар.

Үлгі: Желсіз түн. Аспанда ай жарқырап тұр.

■ **ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!**

1. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып жазыңыздар.

Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда _____.

Ауылдың жаны терең сай,

Тасыған өзен күрілдеп.

- 1) күрілдеп
- 2) дірілдеп
- 3) жымыңдап
- 4) күлімдеп

2. Берілген үзіндіде қандай сөйлем түсіріліп берілгенін айтыңыздар.

Қалың ағаш жапырағы,

_____.

Көрінбей жердің топырағы,

Құлпырған жасыл жер жүзі.

- 1) Тасыған өзен күрілдеп
- 2) Тау жаңғырып, ән салып
- 3) Сыбырласып өзді-өзі
- 4) Үрген ит пен айтаққа

3. Асты сызылған сөздің синонимін көрсетіңіздер.

Тау жаңғырып, ән қосып,

Үрген ит пен айтаққа.

Келмеп пе едің жол тосып,

Жолығуға аулаққа?

- 1) қоштасу
- 2) кездесу
- 3) амандасу
- 4) ән қосу

АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІ

Абай Құнанбаев өзінің өмірден түйген *тұжырымдарын қарасөз* үлгісінде жазған. Ол тәлім-тәрбиелік мәні бар терең ойларын қарасөздері арқылы шебер жеткізе білген.

■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

1. *Қарасөздің бірінші абзацын тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.*

Абайдың қарасөздері

Жас бала анадан туғанда екі түрлі *мінезбен* туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің *құмары*, бұлар болмаса, тән жанға қонақүй бола алмайды. Біреуі – білсем екен демек. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан *ержетіңкірегенде* ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?, бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді? бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, *тыныштық көрмейді*. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

2. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Жас бала анадан туғанда қандай мінезбен туады? Олар қандай мінездер?
- «Білсем, көрсем, үйренсем» деген талпыныс қандай балаға тән?
- «Ішсем, жесем, ұйықтасам» деген талпыныс қандай балаға тән?
- Бұл екі мінездің айырмашылығын түсіндіріңіздер.
- Өзіңізге қандай мінез тән деп ойлайсыз?

3. *Үзіндідегі негізгі ойды білдіріп тұрған сөз тіркестерін тауып, оқыңыздар.*

4. *Үзіндіге тақырып қойыңыздар.*

■ ЖАЗАМЫЗ

5. *Сөйлемдегі көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жазыңыздар.*

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ____, ____, ____, деп туады. Бұлар – тәннің құмары. Екіншісі – ____, ____, ____, деп туады. Бұлар – жан құмары.

Қажетті сөздер: ішсем, білсем, көрсем, жесем, ұйықтасам, үйренсем.

тұжырым – белгілі бір істің қорытындысы, байламы, шешімі
қарасөз – әңгіме, повесть, роман сияқты шығармалардың жалпы аты, проза

мінез – әр адамға тән, лайық психикалық қасиеттердің жиынтығы
құмар – әуес, құштар, қызықтағыш

ержету – кәмелетке толу, азамат болу

тыныштық көрмеу – дамыл таппау, демалмау

■ ОҚИМЫЗ

6. Қарасөзді мәнерлеп оқыңыздар.

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп *надандығымызды* білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, *күретамырымызды адырайтып* кетеміз.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

7. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Сенім дегеніміз не?
- «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ» деген өлең жолын қалай түсінесіздер?
- Бала кезде адамның білімге құштарлығы неге жоғары болады?
- Абай: «Біз түк білмейміз», – деп неге айтқан?
- Сіздер Абайдың осы пікірімен келісесіздер ме?

■ ЖАЗАМЫЗ

8. Кестеде берілген тақырыптарға қатысты тірек сөздерді қарасөздің ішінен тауып жазыңыздар.

Тән құмары	Жан құмары
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____

9. Сөйлемдерді толықтырыңыздар.

Көкіректе _____ жоқ, көңілде _____ жоқ. Қайта, бала күнімізде _____ екенбіз. Білсек те, білмесек те _____ екен деген адамның баласы екенбіз.

■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

10. Абайдың отыз бірінші қарасөзін зейін қойып тыңдаңыздар, оқыңыздар.

Отыз бірінші сөз

Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар: *әуелі* – көкірегі байлаулы *берік болмақ* керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде *гибрәтлану* керек, көңілденіп, *тұшынып*, *ынтамен* ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойла-

сәуле – ауысп. бір нәрсенің жалт еткен нышаны

сенім – күткен үміт, ықылас, ниет
надандық – қараңғылық, сауатсыздық

күретамыр – қан жүретін жол

адырайту – дараланып көзге көріну, баттиып шығып тұру

нып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер бір кез болып қалса, салынбау керек. *Ой кеселдері*: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – *күллі* ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

11. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Естіген нәрсені ұмытпасқа неше түрлі себеп бар?
- Әуелгі себеп қандай?
- Екінші себеп не?
- Үшінші себебін айтыңыз?
- Төртінші себебі қандай?
- «Көңілге бекіту» – деген тіркесті қалай түсінесіз?
- Бұл төрт нәрсе нені тоздырады? Бұл туралы өз пікіріңізді айтыңыз.
- Ой кеселдері дегеніміз не?

12. *Сөйлемдегі көп нүктенің орнына Абайдың отыз бірінші қарасөзінің ішінен қажетті сөздерді қойып, оқыңыздар.*

Естіген нәрсені _____ төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі _____ керек; екінші – сол нәрсені естігенде, я көргенде _____ керек, _____, _____, _____ ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше _____, көңілге _____ керек; төртінші – _____ нәрселерден қашық болу керек.

13. *Берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіздер.*

Үлгі: Естіген нәрсені ұмытпасқа – естігенін ұмытпау, жадында сақтау.

- көкірегі байлаулы – _____
- берік болу – _____
- көңілге бекіту – _____
- қайғыға салыну – _____
- уайымсыз салғырттық – _____
- _____

■ ЖАЗАМЫЗ

14. *Қарасөздің алғашқы және соңғы сөйлемдері берілген, орта бөлігін мәтін бойынша толықтырыңыздар.*

Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; _____
_____ Ой кеселдері: _____.
_____. Бұл төрт нәрсе – *күллі* ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

әуелі – ең алдымен, бірінші
көкірегі – ой-санасы көңілі
берік болу – мықты, бекем, мығым болу
гибрәтлану (арабша) – үлгі, өнеге, сабақ алу
тұшыну – қанығу, сезіну
ынта-ықылас – құлшыныс, белгілі бір шешімді мақұлдау, қабылдау
ой кеселі – ұнамсыз дағды, жаман әдет
күллі – барлық бүкіл

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

(1846-1945)

Халық поэзиясының үлкен өкілі – Жамбыл Жабаев. Оның өлеңдері тек Қазақстанға ғана емес, шетелдерде де кеңінен мәлім.

■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

1. *Өлеңнің бірінші шумағын тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.*

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы, сұлу сөздері, –
Маған тартқан сыйындай!

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

2. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- «Сырлы, сұлу» сөздерінің мағынасын түсіндіріңіздер.
- «Сый» сөзі қандай мағынаны білдіреді?
- Ақын Сүйінбайды неге пір тұтты?

■ ОҚИМЫЗ

3. *Өлеңнің екінші шумағын мәнерлеп оқыңыздар.*

Сүйінбай – деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай!
Екпініме кезіккен,
Кетер ме екен жығылмай!
Құлаштап бір кетейін,
Көбен құсап тығылмай.
Қашсаң қуып жетейін,
Бізге жабы бұйым ба-ай!

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

4. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Ақынның «Сөз келеді бұрқырап» деген сөзінің мағынасын түсіндіріңіздер.

■ ОҚИМЫЗ

5. *Өлеңнің үшінші шумағын мәнерлеп оқыңыздар.*

Селтеңдеген ақынды,
Көрмеуші едім шыбындай.
Кәне, сөйлеп жіберші,



пір – 1) қолдап-қорғаушы рух, аруақ
2) құрмет тұту
сырлы – сырға толы, құпиясы мол
сұлу – әсем, әдемі
сый – ерекше көрсетілген құрмет, зор қошемет

бұрқырап – асып-тасып
құйындай – құйын секілді тез, жылдам
құлаштап – барынша әрекет ету
көбен – арықтап жүріп, ет алған жылқы
жабы – қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы

селтең – ұшып-қонып
бос жүру
шыбындай – шыбын
сияқты быжынаған-
кұжынаған

Айтыспағың шының ба-ай?!
Деп келдің бе Жамбылды
Күнде жеңген Шыбылдай.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

6. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- «Шыбындай селтеңдеген» сөз тіркесіне мысал келтіріңіздер.

7. *Өлеңді қайталап оқып, орны ауысқан сөздерді дұрыс орналастырыңыздар да, ақын өлеңінің екі тармағын оқыңыздар.*

Құлаштап, кетейін, тығылмай, құсап, Көбен, бір.

8. *Өлеңнің мазмұнын қысқаша түсіндіріп айтып беріңіздер.*

9. *Өлеңді жаттап алыңыздар.*

■ ЖАЗАМЫЗ

10. *«Жамбыл – айтыскер ақын» тақырыбына шағын шығарма жазыңыздар.*

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. *Жамбыл кім?*

- 1) ақын, жыршы
- 2) айтыскер ақын, сәулетші
- 3) би, болыс
- 4) әнші, сазгер

2. *Жамбыл ақынның ұстазы кім?*

- 1) Ақтамберді
- 2) Сүйінбай
- 3) Қашаған
- 4) Абай

3. *Ақын өлеңін көрсетіңіздер.*

- 1) «Бір адамға», «Жазғытұры»
- 2) «Менің пірім – Сүйінбай», «Ленинградтық өренім»
- 3) «Ғылым таппай мақтанба», «Кел, балалар, оқылық!»
- 4) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Күз»

МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ (1885-1935)

Міржақып Дулатов – ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қоғам қайраткері, жазушы, ақын.

Оның Уфада «Оян, қазақ», Орынборда «Азамат» өлеңдер жинағы, «Терме» деген әдеби-публицистикалық кітабы жарық көрген. 1917-1919 жылдар аралығында ел теңдігін көздеген «Алаш» партиясының көрнекті жетекшілерінің бірі болған. 1910 жылы Қазанда тұңғыш қазақ романы «Бақытсыз Жамал» жазылған. Романның басты тақырыбы – әйел теңсіздігі.



■ ОҚИМЫЗ

1. *Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*

Бақытсыз Жамал

Сәрсенбай оқымаған *момын*, мал баққан кісі еді. Атасынан артық дәулет қалмаса да, *берірек келген соң* малы да жақсы болып, жылқысы жүзден асып, үш жүзден қой бітіп, қатардағы малды үйлердің біріне қосылып еді. Бірақ мал жағынан *көңілі хош болса* да, Сәрсенбайдың *жамағаты* Қалампыр ғұмырында бала көтермей, бұл екеуі балаға *мұқтаж* еді. Сәрсенбай бала үшін бір тоқал алуды ойласа да, Қалампырдан аса алмай, *әне-міне* деп жүруші еді. Бір күні бір мәжілісте отырған уақытта бір құрдасының қымыз ішіп отырып, әзілмен болса да, шынымен болса да сөз арасында: «Әй, маубас! Сонша малды айдап жүрсің, дұрыстап зекет бермейсің, *қажыға бармайсың*, кім үшін жинап жүрсің? *Ақырында* Қалампырдан қорқып, тоқал да алмадың», – деген сөзін естіп, ол үйіне *мұңайып* келеді.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

2. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Сәрсенбай қандай кісі? Қалампыр кім?
- Олар неге мұқтаж болды?
- Сәрсенбайға құрдасы қандай қалжың айтты?

3. *Үзіндіге тақырып қойыңыздар.*

■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

4. *Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар, тыңдаңыздар.*

Көп уақыт өткізбей, Сәрсенбай бір қызды *айттырады*. Сәрсенбайдың айттырғаны молданың қызы Шолпан еді. Шолпанның

момын – момақан, жуас
берірек келген соң – таяуда, жақынырақта
көңілі хош болу – шат-шадыман болу
жамағаты – жақын адамы, әйелі
мұқтаж – қажет, зәру
әне-міне – енді-енді
zeket – шарифат бойынша жоқ – жітік, кемтар, кедей адамдарға берілетін садақа
қажыға бармау – меккеге барып, құдайға құлшылық етпеу
ақырында – ең соңында, аяғында
мұңаю – қайғыру, уайымдау

айттыру – қызға сөз салып, құда түсу

әлпейштеу – бетінен қақпай, мәпелеп өсіру
қисса – ауыз әдебиетіне тән сюжетті жыр, дастан

жасы он төртке жетіп тұрған соң, Сәрсенбай малын түгел беріп, келер жылында алып та қойды. Шолпан он жеті жасқа келгенде қыз бала тауып, Сәрсенбай қырық беске келгенде ғұмырында көрген баласы осы еді. Сәрсенбай зор қуанышта болып, қыз бала демей, көп басын шақырып той қылып, баланың есімін Жамал қойып еді. Жамал – сағынып көрген баланың алды болған соң, ата-анасы қолдан келгенше *әлпейштеп* өсіріп, жасы тоғызға жетті. Жамал ауылға келген молдадан сабақ алды. Бірақ Жамалдың оқуы бес айлық қана болып, хат жазарлықтан әрі аспай тоқтатады. Мұғалім қалаға кеткеннен кейін Жамал *қисса* оқитын болып, атасы да тыңдаудан жалықпаушы еді.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

5. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Сәрсенбайдың айттырғаны кімнің қызы еді? Оның есімі кім?
- Сәрсенбай қырық беске келгенде, оның өмірінде қандай қуанышты жағдай болады?
- Баланың есімін кім деп қояды?
- Ата-анасы Жамалды қалай өсіреді?
- Жамал кімнен сабақ алады?

6. *Үзіндіге тақырып қойыңыздар.*

■ ОҚИМЫЗ

7. *Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*

Болыспен құда болған Байжанның он жеті жастарға келген Жұман дейтін бір *таз*, ақылсыз баласы бар еді. Байжанның өзі тәуір болған соң, *қол жетіп тұрған заманда* бір бай жерден Жұманға қыз айттырмақшы болады. Көп ұзамай Сәрсенбайға «Құдай қосса, құда болайық», – деп бір кісі жібереді. Бұл хабарды есіткеннен соң Сәрсенбай үй ішіне ақылдасып көріп еді, үлкен қатыны ұнатып, Жамалдың анасы Шолпан ұнатпады. Сөйтсе де Сәрсенбай достарымен ақылдасып: «Не қылса да Байжанмен құда боламын», – деп жауап қайтарды.

Бір айдан соң батасы қырық жетінің малы, екі жүз теңге ақшаға келісіп, Байжан келіп құда түсті. Сүйіп болған құдасын Сәрсенбай китке разы қылып қайтарды. Құда болғаннан кейін белгісіз біраз заман өтіп, Жамал он бес жасқа келді. Сұлулық, ақыл, салтанат үшеуі бір-біріне муафиқ келіп, Жамал сол елдің қызының алды болды. Олай-бұлай қалжыңмен сөйлескен бозбаланы сөйлетпейтін еді. Ел ішінде тілді бозбалалардың көзі түсе бастап, шет елдерге де «Сәрсенбайда бек көркем бір ақын қыз бар» деген *лақап* жайыла бастады. Жамал кәмелетке жеткен соң, күйеуінің нашар

болыс – бір елдің әкімі, басқарушысы
таз – адам басында болатын жұқпалы жара, қотыр
қол жетіп тұрған заманда – көздегені орындалып, айтқаны болып тұрған кезде

лақап – хабар, қауесет

екенін біліп (бір тойда көрсе керек), көңіліне күннен-күнге уайым, қайғы түсе бастады. Ата-анасы *зарыққанда* көрген баласы екенін де ойлап, не себепті жаман күйеуге бергеніне қайран қалып жүрді. Өзі теңдес қыздардың күйеулерін *салыстырып* қарағанда, Жұманнан нашары жоқ еді.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

8. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Байжан кіммен құда болды?
- Әңгімеде Байжанның баласы қалай суреттелген?
- Жамалдың анасы Шолпанға Жұман не себепті ұнамады?
- Байжан мен Сәрсенбай қандай келісімге келді?
- Жамал қандай қыз? Өзінің болашақ күйеуіне оның көңілі неге толмады?

9. *Үзіндіге тақырып қойыңыздар.*

■ ОҚИМЫЗ

10. *Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*

Қыс ортасы болған еді. Бір күні сол елде бір байдың баласы болмай жүріп, жамағаты ұл тапқанға, қыз-бозбала үшін үлкен мәжіліс-шілдехана болды. *Атырабындағы* ауылдың қыздары *тәмам* келіп, Жамал да әзір болды. Ағаш үйдің кең бөлмесіне төрінен есігіне дейін халық толған еді. Бұл елде ойын-сауық әлі қалмаған, болғанға бір қыз, бір жігіттен қатар отырғызатын әдет бар еді. Жиылғандар бірі өлең айтып, екіншілері қалжыңдасып, ойын әлі қызып бастала қоймаған уақытта есіктен: «Кеш жарық!» деп, бір-екі жігіт кіріп келді. Жігіттердің біреуін Жамалдың қасына отырғызды. Бұл жігіт орта бойлы, бетінде азырақ *дағы* бар, жаңа мұрт шығып келе жатқан, сөйлеген сөзі сыпайы, әдепті, киімі *ноғайша* лау Ғали есімді бір зат еді. Көлденеңнен қарап салыстырғанда, бұл үйдегі жігіттердің *абзалы* Ғали, қыздардың абзалы Жамал секілді көрініп, екеуінің қатар отырулары да *бек* жарасып кетті. Ғали бір болыста басқа ауылнайға қараған Дүйсебек деген кісінің баласы еді. Мұсылманша жақсы оқыған болса да, елге шығып молда болмай, соңғы уақыттарда оқуды да қойып, азырақ саудаға айналысып еді. Атасы бай болмаса да, Ғали *инабатты* жігіт болды.

Бұл күні Ғали мен Жамал әбден сөйлесіп, әрқайсысы *хал-ахуалын* біліскен еді. Іштерінен бір-біріне ұнағандығы білініп, «бір көрген біліс, екі көрген таныс», мұнан былай да кез келіп жүрерміз деп, бұл сапарда айрылысқан еді. Ғали әлі қалың бермеген бір талапты жігіт болғанға, Жамалдың күйеуіне *наразылығына* қарай екі тараптан да бір-біріне махаббат байланды деуге *лайық* бол-

зарыққанда – сағынғанда, аңсағанда
салыстыру – екі я одан көп адамдардың артық-кемдігін сарапқа салу

атырап – өлке, өңір, аймақ
тәмам – бәрі, барлығы
дақ – денеге түскен таңба, белгі
ноғай – негізінен Ставрополь өлкесі мен Дағыстан жерінде тұратын түркітекес халық
абзалы – дұрысы
бек – өте, тым

инабатты – ибалы, әдепті, ізетті
хал-ахуалы – тұрмыс күйі, тіршілік жайы
наразылық – бір нәрсеге келіспеушілік, қарсылық

лайық – ыңғайлы,
дұрыс, сай

ды. Не үшін десеніз, екеуінің де сол ойын болған түндегі сөздері көңілдерінен кетпей бірін-бірі ойлайтын болды. Мұнан кейін Ғали Сәрсенбайдың үйіне бір-екі рет келіп кеткен уақытта, Ғали мен Жамалдың бір-біріне көз қарауларын байқап тұрған кісі болса, екеуінің де көздерінде: «Мен сені жаныммен сүйемін» деген жазуды оқыған болар еді.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

11. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Әңгімеде жылдың қай мезгілі суреттелген?
- Кімнің үйінде шілдеhana болды? Оған көрші ауылдан кімдер келді?
- Тойға жиылғандар қандай өнер көрсетті?
- Келген жігіттердің ішінен Жамалдың қасына кімді отырғызды?
- Ғали қандай жігіт?
- Ғали кімнің баласы? Ол немен айналысқан еді?

12. Үзіндіге тақырып қойыңыздар.

■ ОҚИМЫЗ

13. Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.

Осылайша Ғали, Жамал дос болып, әрбір лайықты уақыттарда жолығып, сұхбаттасып жүріп, қыс өтіп, жаз да келді. Бұл екеуінің де көңілдерінде бір ғана ой бар еді. Бірақ бір-біріне айтуға өздеріне сенбеген секілді болып, үндемей жүруші еді. Жамал мен Ғали аз күнгі ойын-күлкінің қызығымен өздерін дүниедегі бақытты адамдардай санап жүргенде, бір күні бұларға үлкен *қасіретті хабар* естілді: «Байжан мен Сәрсенбайдың арасындағы *уағдалары* болып, енді бір айда Жұман күйеу ұрын келіп қалыңдық ойнайды», – деген өсек расқа шықты. Бұл ренішті хабар бұл күнге шейін Жамал мен Ғалидың іштерінде сақтап жүрген сырларын бір-біріне білдіруге себеп болды. Бұл айта алмай жүрген сырлары – екеуі қалай *ғұмырлық жолдас* болып, Жұманнан Жамалды құтқару екен.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

14. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Ғали мен Жамалдың дос болып жүргендеріне қанша уақыт өтті?
- Бұларға қандай хабар естілді?
- Бұл хабар Ғали мен Жамалға неге «қасіретті хабар» болды?
- Ғали қандай шешімге келді?

15. Үзіндіге тақырып қойыңыздар.

қасіретті хабар –
қайғылы, мұңды хабар
уағдалары – уәделері

ғұмырлық жолдас –
өмірлік, мәңгілік дос

■ ОҚИМЫЗ

16. Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.

Жұман келеді деген хабар аныққа шыққан соң дүниеде бірінен-бірі бөлек тұрудан *қапаста жатқанды* артығырақ көріп, не болса да, екеуі қосылуға бір жол қарамақшы болып Ғали Жамалға хат жазып, жолдасынан беріп жібереді. Жамал хатты оқып шығып, бір қызып, бір суып, Жұманға барса ғұмырынша қайғы-қасіретте өтетінін ойлап, Ғалимен қашса, не түрлі ұят *машақаттар* болып, ақыры *нешік* боларына да көзі жетпей, аз дағдырып, көзінен моншақ-моншақ жастарды төгіп алды. Біраздан соң қайраттанып: «Тәуекел, алла басқа салған соң, не де болса көтердім, Ғалимен ғұмырымша қол ұстасып жүрсем де арманым болмас», – деп ойлады. Ғалидың жазған сөздерін қабыл алып, жауап жазып жіберді. Ғали хатты оқығаннан кейін, сол күні сенімді достарын шақырып ақылдасып, келер жексенбіге *аттарын сайлап*, Жамалды алып қашып кетуге бел буады. Жексенбі күні де болып, ел жатқан уақытта Ғали достарымен *сайда* даяр тұрады. Жамалды шешесі Шолпан ертіп келіп:

– Шырақтарым, енді алла тағала *қайырлы сапар* беріп, мақсаттарыңа жеткізсін, – деп шығарып салады. Ғали мен Жамал жолда төрт күн қонып, Қырыққұдықтағы нағашысы Бабас деген кісінің үйіне келіп жатты. Көңілдері орнығып, қорқынышсыз күннің өткенін де білмей жатқанда, ауылдағылар бұрынғы қалпынша *дауласып* жатты.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

17 Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Жұман кім?
- Ғали Жамалға не туралы хат жазды?
- Жамал қандай шешім қабылдайды?
- Жамал Ғалидың хатына қандай жауап жазды?
- Ғали не істеуге бел буады?
- Жамалды кім ертіп келеді?
- Ғали мен Жамал қайда, кімнің үйіне келеді?
- Ол уақытта ауылдағылар не істеп жатты?

18. Үзіндіге тақырып қойыңыздар.

қапаста жатқан

– ауыр азапты, қиыншылықта

машақаттар – адам басына түсетін бейнет, азап

нешік болу – амал қанша

аттарын сайлау – аттарын дайындау

сай – өзегі мен табаны жазық келетін, жары жоқ ойпаң жер

қайырлы сапар – қайырлы, жақсылығы бар жол

дауласу – айтысып-таргысу, таласу

■ ОҚИМЫЗ

19. Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.

Бұл *мүсәпірлердің* бақытсыздығына қарсы бір күні Ғали төсектен ауырып тұрды. *Нағашылары үрпийісін қалып*, Жамалдың түсі қорыққаннан өзгеріп кетті. Барлығы он үш күн ауырып, бейсенбі күні түс кезінде жаңа гүл шашып келе жатқан бақшадай жанып тұрған *жас гұмыр* сөнді. Жұма күні халық көп жиналып, *жаназ*а оқып, Көкен моласы деген зиратқа апарып қойды. Ғалиды жерлеген соң Жамалдың шешесі оны ауылына алып кетеді. Үйінде бір ай тұрғаннан кейін ағайындар Байжанға: – Енді сіз келініңізді алдырыңыз. Әуелден кінәңіз болмаған соң алла тағала жақ болып, ақыры мұндай болды ғой, – деп *насихат айтты*. Жұман мырза Жамалды өзі келіп алып кетуді намыс көрген соң, шешесі келіп алып кетеді. Жұман *ерегісін* бұрынғыларын алдына келтіремін дегенсіп, не сөйлесе ұрсып, ұрып-соғып қорлап жүрді. Жамал Жұманның *айуандық* қорлығына шыдамай, қарлы боранда атқа мініп, қалаға қашады. Қорлықтан қашқан Жамал бораннан адасып, жолда үсіп өледі.

Жамалдың жансыз денесін тауып алған жолаушылар Жамалдың қалтасынан шыққан қағазды оқып, оның мәнісін айтып, елдеріне таратады. Сондағы Жамалдың Байжанның үйінде жазып жүрген *зары* мынау екен:

Тоты құс едім бақшада,
Қарақұсқа жем еттің.
Хан қызындай басымды
Бір жаманға тең еттің.
Ботасыз нардай боздатып,
Мінекей, мені еңіреттің.
Қаһарыңды жіберіп,
Тең құрбымнан кем еттің.
Мұндай зарлы қылғандай
Мен бейшара не еттім?
Жыладым зарлап, Ғали жоқ,
Ісіне көндім күдіреттің!

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

20. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Ғали неше күн ауырды?
- Ғалиды қайда жерледі?
- Ғали өлген соң, Жамалдың өмірі қалай өзгерді?
- Жұманның Жамалға қорлық көрсетуінің себебі неде?
- Жамал қалай қайтыс болды?
- Жамалдың қалтасынан табылған хатта не туралы айтылған?

мүсәпір – бейшара, байғұс, сорлы
нағашылары – шеше жағынан туысқан адамдар
үрпийісін қалу – бір нәрседен қорқу, үрейлену, шошу
жас гұмыр – жас өмір
*жаназ*а – өлген адамды жерлеу алдында оқылатын дұға
насихат айту – ақыл-кеңес, өсиет айту
ерегісу – болмашы нәрсеге егесушілік, тартысушылық
айуандық – жауыздық
зары – мұңы, шері, қайғысы

қарақұс – жемтікке үйір, ірі келген жыртқыш құс

21. Үзіндіге тақырып қойыңыздар.

■ ЖАЗАМЫЗ

22. Сөйлемдердегі көп нүктенің орнына қажетті сөзді жазыңыздар.

Жамал – сағынып көрген баланың алды болған соң, ата-анасы қолдан келгенше _____ өсіріп, жасы тоғызға жетті.

Ғали бір болыста басқа _____ қараған Дүйсебек деген _____ баласы еді. Атасы _____ болмаса да, Ғали _____ жігіт болды.

Осылайша Ғали мен Жамал дос болып, әрбір лайықты уақыттарда _____, _____ жүріп, _____ өтіп, _____ да келді.

Қажетті сөздер: әлпештеп, бай, кісінің, инабатты, қыс, сұхбаттасып, жаз, ауылнайға, жолығып.

23. Романның негізгі кейіпкерлеріне қатысты тірек сөздерді үзіндіден тауып, сипаттама беріңіздер. Кестені толтырыңыздар.

Жамал	Сәрсенбай	Шолпан	Жұман	Ғали	Байжан
1.	_____	_____	_____	_____	_____
2.	_____	_____	_____	_____	_____
3.	_____	_____	_____	_____	_____
4.	_____	_____	_____	_____	_____
5.	_____	_____	_____	_____	_____

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Берілген сөйлемдегі көп нүктенің орнына қажетті сөздерді көрсетіңіздер.

____, ____, ____ үшеуі бір-біріне муафиқ келіп, Жамал сол елдің қызының алды болды.

- 1) әдемілік, сұлулық, ақкөңіл
- 2) сұлулық, ақыл, салтанат
- 3) ақыл, көрік, инабатты
- 4) көрік, келбет, салмақты

2. Екі бағанда берілген сөздерді сәйкестендіріп, өлең жолын ретімен орналастырыңыздар.

Тоты құс едім бақшада,	Бір жаманға тең еттің.
Хан қызындай басымды	Қарақұсқа жем еттің.
Ботасыз нардай боздатып,	Тең құрбымнан кем еттің.
Қаһарыңды жіберіп,	Мінекей, мені еңіреттің.
Мұндай зарлы қылғандай	Ісіне көндім құдіреттің!
Жыладым зарлап, Ғали жоқ,	Мен бейшара не еттім?

3. Берілген сөйлемдегі асты сызылған сөз тіркесінің синонимдік қатарын табыңыздар.

Бұл айта алмай жүрген сырлары – екеуі қалай **ғұмырлық жолдас** болып, Жұманнан Жамалды құтқару екен.

- 1) көршілес дос, өмірлік дос
- 2) өмірлік жолдас, мәңгілік жолдас
- 3) мәңгілік дос, адал жолдас
- 4) қаладағы жолдас, ауылдағы жолдас

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ (1889-1931)

Жүсіпбек Аймауытов – қазақтың көрнекті жазушысы. Оның «Ақбілек», «Қартқожа», «Күнікейдің жазығы» және т.б. шығармалары бар.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Әнші Әмірқан» атты шығармасында әншілік өнер туралы айтылады.



1. *Әңгіменің тақырыбын оқыңыздар.*

2. *Сұрақтарға жауап беріңіздер*

- Әнші дегенді қалай түсінесіздер?
- Сіздер ән айтуды ұнатасыздар ма?
- Қандай қазақ әндерін білесіздер?

■ ОҚИМЫЗ

3. *Берілген үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*

Әнші Әмірхан

Әмірқан тымағын *қыңырайта киіп* тағы барды. Тағы соқты. Тағы да ескектете, желпіндіре, желіктіре, ышқындыра, құлшындыра соғып, тыңдаушының *айызын* әбден қандырды. Әмірқан бәйгеден келді! Зал сарт-сұрт, айғай-ұйғай, гуілдеп, *толқындап* барып басылды. Әмірқанды құшақтап алып, арқаға қағып, бетінен сүйіп жатырмыз.

қыңырайта кию – қисайта кию
айызы қанды – риза болды, сүйсінді
толқындап – ырғалу, қозғалу

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

4. *Үзіндіде тұтас мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөздер қайсы?*

- 1) Әмірқанның ән айтуы.
- 2) Залдың айғайы.
- 3) Әмірқанды бетінен сүюі.
- 4) Әмірқан бәйгеден келді.

5. *Мәтінге сіз қандай тақырып қояр едіңіз?*

6. *«Әмірқан бәйгеден келді!» дегенді қалай түсіндіңіздер? Ойларыңызды айтыңыздар.*

■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

7. Берілген үзіндіні тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.

Әмірқандай әнді ешкім сала алмайды. Жай жүргенде Әмірқанды ешкім де елемейді. Әмірқан ән салса, сонда кім екенін білесің. Ән салса, ол өзін-өзі ұмытады, әннің әуеніне төңкеріледі, оның дауысы көмейінен шықпайды, жүрегінен шығады. Ол әннің әр нақышын ұғады, әнді ғана сүйеді. Ол – тәтті үнге, топқа бола жаралған адам. Ән салса рақаттанып, гүл-гүл жайнайды. Көзі де, аузы да, денесі де, қолы да бірге салады. Әмірқан кісі емес, әнге айналады. Оның ән салғандағы түріне қарап отырсаң, тоясың.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

8. Үзіндіде тұтас мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді көрсетіңіздер.

1. Ол әннің әр нақышын ұғады.
2. Ән салса рақаттанады.
3. Ол әнді ғана сүйеді.
4. Жай жүргенде Әмірқанды ешкім де елемейді.

9. Мәтінге тақырып қойыңыздар.

■ ОҚИМЫЗ

10. Берілген үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.

Бірақ Әмірқан үнемі олай айта бермейді. Әмірқан қымызы, тобы, ойын-сауығы, қыз-келіншегі бар жерде өзін-өзі ұмытып айтады. Әнін ұғушы, тыңдаушы болса, шабыттанып айтады. Тыңдамай, жыбырлап сөйлесе бастаса, Әмірқан тұрып кетеді, айтпайды.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

11. Үзіндіде тұтас мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді көрсетіңіздер.

1. Әмірқан үнемі олай айта бермейді.
2. Әмірқан әнді шабыттанып айтады.
3. Әмірқан тұрып кетеді.

■ ЖАЗАМЫЗ

12. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінен сөйлем құрыңыздар.

Тымақ, ескектете, желпіндіре, құлшындыра, айызын қандырды, толқындап, ешкім сала алмайды, Әмірқан ән салса, әннің әуеніне төңкеріледі, әр нақышын ұғады, әкесі емес, әнге айналады, үнемі олай айта бермейді, тыңдаушы болса шабыттанып айтады.

көмейі – ауыз қуысын өңешпен жалғастырып тұратын жер
нақыш – ырғақ, мәнер, саз

13. «Әнші Әмірқан» әңгімесінің мазмұнын жазыңыздар.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

14. «Шабыт» сөзі тек ән айтуға байланысты ма?

15. Мәтінді қайтадан оқып шығыңыздар.

16. Мәтінді өз сөздеріңмен ауызша мазмұндаңыздар.

17. Сіздердің сүйікті әншілеріңіз бар ма? Олардың ән айтқан кезіне назар аударып, төмендегі сөздерді қосып сипаттама беріңіздер:

әні жүрегінен шығады
әннің әр нақысын ұғады
гүл-гүл жайнайды
кісі емес, әнге айналады

18. Қазақстанның қандай белгілі әншілерін білесіздер? Олардың суреттерін жинап, «Қазақ әншілері» деген альбом құрастырыңыздар. Альбом бойынша әңгімелеп беріңіздер.

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Сөйлемдегі көп нүктенің орнына қажетті сөздер мен сөз тіркестерін тауып қойыңыздар.

«Тағы да ескектете, ____, желіктіре, ____ құлшындыра соғып, тыңдаушының ____».

- 1) ұғушы, тыңдаушы, шабыттанып айтады
- 2) желпіндіре, ышқындыра, айызын әбден қандырды
- 3) көзі де, аузы да, қолы да бірге салады
- 4) өзін-өзі ұмытады, әнді сүйеді

2. Қандай сөйлем түсіріліп берілгенін көрсетіңіздер.

«Бірақ Әмірқан үнемі олай айта бермейді. Әмірқан қымызы, тобы, ойын-сауығы, қыз-келіншегі бар жерде өзін-өзі ұмытып айтады.

Тыңдамай, жыбырлап, сөйлесе бастаса, Әмірқан тұрып кетеді, айтпайды».

- 1) Әмірқандай әнді ешкім сала алмайды
- 2) Ән салса ол өзін-өзі ұмытады
- 3) Әмірқан кісі емес, әнге айналады
- 4) Әнін ұғушы, тыңдаушы болса, шабыттанып айтады

3. Әмірқан не үшін жаратылған адам?

- 1) сурет салу үшін
- 2) үй салуға бола
- 3) тәтті үнге, топқа бола жаралған адам
- 4) қыдыруға, ән салуға

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

(1893-1938)



Мағжан Жұмабаев – лирик ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, педагог. Мағжан – сезімнің жыршысы, сыршыл ақын. Ақын 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Жұмабаев ауданының Мағжан ауылында дүниеге келген. Өз ауылында молдадан мұсылманша сауатын ашады. Мағжан 1910 жылы Міржақып Дулатовпен кездеседі. Міржақып – Мағжанның орысша сауатын ашқан алғашқы адам.

Оның өлеңдер жинағы «Қазақтың көңіл күйі», «Шолпан», «Таңдамалы шығармалары» мен мектеп мұғалімдеріне арнап жазған «Педагогика» еңбегі бар.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

1. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Сіз Түркістанда болдыңыз ба?
- Түркістан қаласы, оның тарихы туралы не білесіз?

■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

2. *Өлеңді тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.*

Түркістан

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің Тәңірі берген *несібі* ғой.
Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның *тағдыры* бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.
Тұранның тарихы бар отты желдей,
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.
Тұранның жері менен суы да жат,
Теңіздей терең, ауыр ой бергендей.

Тұранның жері де *жат*, елі де жат,
Құйындай бастан кешкен күні де жат!
Тұранды түгелімен билеп тұрған
Ертеде ертегі хан Афрасияб.
Ежелден жер емес ол қарапайым,
Білесің, тарихты ашсаң Тұран жайын.

несібі – несібесі, алланың маңдайға жазғаны

тағдыр – құдіреттің жазуы, жазмыш

заулау – жүйткү, зымырау

жат – бөтен, бөгде

Тұранға қасиетті құмар болған
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайын.
Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

3. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Өлеңнің бірінші шумағын қайта оқыңыздар. Өз сөздеріңізбен әңгімелеп беріңіздер. Түркістан қаласы Қазақстанның қай аймағына орналасқан?
- Бірінші шумақтың екінші жолы «Түркістан – ер түріктің бесігі ғой» деп басталады. «Түрік» деген кімдер? Олардың атажұрты, тал бесігі Түркістан ба?
- Бірінші шумақтың соңғы екі жолын оқыңыздар. «Түркістан түркілердің Тәңірі берген несібесі ғой», – деген ақын ойымен келісесіз бе?
- «Тұран» сөзін білесіздер ме? Түркістанды неге Тұран деген? Себебі неде?
- «Толқымалы» – аумалы – төкпелі, айнымалы тағдыр. Яғни Тұранның тағдыры аумалы – төкпелі тарихи оқиғаларға толы болғаны ғой. Сіздер келісесіздер ме? Өздеріңіздің пікірлеріңізді айтыңыздар.
- Өлеңнің үшінші шумағын мәнерлеп оқыңыздар. «Тұранның тарихы бар отты желдей» деген ақынның ойын қалай түсінесіздер?

4. Өлеңді жаттап алыңыздар.

■ ЖАЗАМЫЗ

5. Өлеңді толығымен оқып шығыңыздар, өлең жолдарын мәтін мазмұнына сәйкес толықтырыңыздар.

_____ – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер _____ бесігі ғой.
Тамаша _____ жерде туған,
_____ тәңірі берген _____ ғой.
Ертеде Түркістанды _____ дескен,
Тұранда ер _____ туып-өскен.
Тұранның _____ толқымалы,
_____ көп тамаша күндер кешкен.

_____ тарихы бар отты желдей,
 Заулаған қалың өрттей _____ өрлей.
 _____ жері менен суы да жат,
 Теңіздей терең, ауыр _____ бергендей.

6. *Өлең жолдарының жалғасын тауып, сәйкес келетін санмен көрсетіңіздер.*

1. Түркістан - _____	<input type="checkbox"/> тарихы бар отты жылдай
2. Тұранда	<input type="checkbox"/> ер түріктің бесігі ғой
3. Тұранның	<input type="checkbox"/> ер түрігім туып өскен

■ **ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!**

1. *Қажетті сөз тіркестерін қойып жазыңыздар.*

1.1. Түркістан – екі дүние ғой,
 Түркістан – ер бесігі ғой.
 Тамаша Түркістандай жерде туған,
 Түріктің Тәңірі берген ғой.

- | | | |
|-------------|----------------|-------------|
| 1) босағасы | 1) түріктің | 1) байлығы |
| 2) есігі | 2) тұранның | 2) қазынсаы |
| 3) қақпасы | 3) түрлі елдің | 3) бағы |
| 4) керегесі | 4) ұлыстардың | 4) несібі |

1.2. Ертеде Түркістанды дескен,
 Тұранда ер түрігім туып-өскен.
 Тұранның бар толқымалы,
 Басынан көп тамаша күндер кешкен.

- | | |
|-------------|--------------|
| 1) Тұрақ | 1) тағдыры |
| 2) Отан | 2) тіршілігі |
| 3) Тұран | 3) өмірі |
| 4) Атамекен | 4) дүниесі |

2. *Сәйкестендіріңіздер.*

- | | |
|------------------|---------------|
| 1) екі дүние | а) несібі ғой |
| 2) ер түріктің | ә) есігі ғой |
| 3) Тәңірі берген | б) толқымалы |
| 4) тағдыры бар | в) бесігі ғой |

3. *«Тұран» сөзінің мағынасын табыңыздар.*

- 1) ойпаң жер, орын
- 2) мінбе, тұғыр, мұнара
- 3) тұрақ, атамекен
- 4) тұғынжай, тұрмыс



СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

(1894-1938)

Сәкен Сейфуллин – әдебиеттің барлық жанрларында мол мұра қалдырған аса ірі ақын, жазушы, драматург және қоғам қайраткері.


1929 жылы жазған «Көкшетау» поэмасында Сәкен Сейфуллин табиғаттың әсем көрінісін суреттейді, қазақ халқының тарихын баяндайды.

■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

1. Поэманың бірінші шумағын тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.

«Көкшетау» поэмасы

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.



2. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- «Кербез» деген сөзді қалай түсінесіздер?
- «Арқа» деп Қазақстанның қай аймағын айтады?
- Ақын Көкшетауды «Арқаның сұлуы» деп неге айтқан?

3. Қажетті сын есімдерді қойып жазыңыздар.

Арқаның _____ Көкшетауы,
Дамылсыз _____ бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.

сұлу
көрікті
әдемі
кербез

4. Бірінші шумаққа тақырып қойыңыздар.

5. Поэманың екінші шумағын мәнерлеп оқып шығыңыздар.

Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсысы алтын кесе аясында.
Ауасы дертке дауа, жұпар иісті,
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

6. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- «Сексен көл Көкшетаудың саясында» дегенді қалай түсінесіздер?

- Ақын «Әрқайсысы алтын кесе аясында» деп нені суреттеп жазған?
- Қалай ойлайсыздар, ақын «Ауасы дертке дауа, жұпар иісті. Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?» деп неге айтып отыр?

7. Керекті сөзді қойып жазыңыздар.

Сексен көл _____,
 Әрқайсысы алтын _____ аясында.
 Ауасы дертке _____,
 _____, тоясың ба?

8. Екінші шумаққа тақырып қойыңыздар.

9. Жырдың үшінші шумағын мәнерлеп оқып шығыңыздар.

Бірғалған көкке бойлап қарағайы,
 Қасында көк желекті аппақ қайың.
 Жібектей желмен шарпып төңіректі,
 Балқытып мас қылады иісмайы.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

10. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- «Көк желекті» дегенді қалай түсінесіздер?
- Ақын желді неге теңеген?
- «Адамзатты балқытып мас қылатын иісмайы» деген сөйлемді қалай түсінесіздер?

■ ЖАЗАМЫЗ

11. Қажетті сөзді тауып, жазыңыздар.

Бірғалған көкке бойлап _____,
 Қасында _____ қайың.
 _____ төңіректі,
 _____ иісмайы.

12. Поэманың үшінші шумағына тақырып қойыңыздар.

■ ОҚИМЫЗ

13. Поэманың төртінші шумағын мәнерлеп оқып шығыңыздар.

Қарағай биік шыңды қиялаған,
 Еш адам оны барып қия алмаған.
 Шаңқылдап тау жаңғыртып, шыңға қонып,
 Жалғыз-ақ көк қаршыға ұялаған.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

14. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- «Шынды қиялау» деген не?
- «Қия алмаған» деген тіркесті қалай түсінесіздер?
- Ақын қаршығаның дауысын қалай суреттеген?

■ ЖАЗАМЫЗ

15. Керекті сөзді қойып жазыңыздар.

Қарағай биік _____ ,

Еш адам _____ қия алмаған.

Шаңқылдап _____ , шыңға қонып,

_____ ұялаған.

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Асты сызылған сөздің синонимін табыңыздар.

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,

Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.

- 1) көркем
- 2) биік
- 3) кербез
- 4) таза

2. Берілген үзіндідегі асты сызылған сөздің антонимін табыңыздар.

Балқытып мас қылады иісмайы,

Қарағай биік шыңды қиялаған.

- 1) заңғар
- 2) аласа
- 3) алыс
- 4) сұлу

МҰХТАР ӘУЕЗОВ (1897-1961)



Мұхтар Омарханұлы Әуезов – ұлы суреткер, ғұлама ғалым, қоғам қайраткері, қазақтың әйгілі жазушысы. Ол 1897 жылы, қыркүйек айының 28-інде қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданына қарасты Шыңғыстау ауылында дүниеге келген.

Жазушы 50 томдық еңбек жазған. Оның “Қорғансыздың күні”, “Жетім”, “Барымта”, “Қараш-Қараш оқиғасы”, “Қилы заман”, “Абай жолы”, “Қыр суреттері”, “Көксерек” атты прозалық шығармаларымен қатар, драмалық шығармалары, аудармалары, ғылыми еңбектері бар.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

1. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- М.Әуезов туралы не білесіздер?
- М.Әуезовтің қандай шығармаларын оқыдыңыздар?

■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

2. *Берілген үзіндіні тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.*

Қайтқанда

Сағынған баласының келер мөлшерін Байтас кеткеннен бері шешесі Ұлжан да есептеп, осы бүгінге *ұйғарып* жүр еді. Қырықтың ішіне жаңа кіріп, семіз тартып калған сары-қызыл бәйбіше жаңағы дауыстарды түгел естіді. Өз үйінен шығарда, төрде отырған енесі Зерені де хабарландырып, *сүйемелдеп* ерте шықты. Құлағы көптен *мүкіс* тартқан кәрі әжесінің ең бір жақсы көретін немересі Абай-ды. Оны есінен шығармай, дұғасына кіргізіп, тілеуін тілеп отыратын. Аттылар үйдің сыртына келе бергенде алдарында, сол үлкен үй мен күншығыс жағына тігілген қонақ үйдің екі арасында бұларды күткен бір топ жан тұр екен. Жаңағы шешелерден басқа: жеңгелер, көрші үйлердің қатындары, бірен-саран тыста жүрген шал-кемпір, онан соң осы ауылдың барлық үйлерінен шығып, жүгірісіп келіп жатқан балалар бар. Бұл топқа қарай ауылдың үлкендері де жан-жақтан *дабырлап сөйлеп*, ағылып келіп жатыр.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

3. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Ұлжанның сағынып, көптен бері күтіп жүрген баласы кім? Ол қайдан келді?

сағыну – көруге құмарту, үнемі ойлап жүру
ұйғару – шешімге келу, шешім жасау
сүйемелдеу – қолтықтап алу, демеу
мүкіс – құлағының естуі нашар адам

дабырлап сөйлеу – шулау, у-шу

- Кәрі әже Зеренің жақсы көретін немересі кім еді?
- Абайлардың келуін күтіп, сағынып жүрген өз анасы мен әжесінен басқа кімдерді айтуға болады?

Назар аударыңыздар!

Қазақ елінің дәстүрі бойынша жасы кішінің үлкенге (ер адамға) бірінші болып (әйел адамға ер адам алдымен сәлем беруі) сәлем беруі – міндет.

Ата-ана ұл-қызын бауырына басып, маңдайынан, бетінен сүйіп көріседі, ал ата-ене күйеу баласының, келінінің маңдайына ернін тигізеді. Жеңгесі қайын сіңлісін, ал апалы-сіңлілер бір-бірінің бетінен сүйіп, жылы жүзбен құшақтасып көріседі.

■ ОҚИМЫЗ

4. Берілген үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.

Осы жиынға қараған бетімен, екі жолдасынан озып кеп бұрын түскен Абайдың атын біреу алып кете берді. Бала *көп ішінен*, ең алдымен, өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым балам, әуелі ар жағында әкең тұр... Сәлем бер! – деді. Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. *Ыңғайсыздықпен* қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды.

Байтас пен жорға Жұмабай да анадайдан аттарынан түсіп жаяулап жетектеп, Құнанбайға қарай келеді екен. Бірақ *өңі* сұп-сұр, зор денелі, *бурыл сақалды* Құнанбайдың жалғыз көзі бұларда емес. Батыс жақтан 4-5 атты жолаушы келеді екен. Арты Қыдырдан шыққан жолаушылар тәрізді. Өздері өңшең толық денелі, үлкендер сияқты. Құнанбайдың бүгін әдейі тосып отырған адамдары болу керек. Ол соларға қарап тұр. Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады. Тұрған орнынан қозғалған жоқ. Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап алып:

– Балам, бойың өсіп, ер жетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімің де өсті ме? – деді. Кекету ме, жоқ, күдік пе? Немесе шынымен жай білгісі келгені ме? Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан кәрі бақташыдай бағып, танып өскен. Әкесі де бұл баласының сондай сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Ұялғанды, жа-

көп іші – жұрт іші

ыңғайсыздық – қолайсыздық, жайсыздық

өңі – адамның бет-пішіні, бет әлпеті
бурыл сақалды – сақалына ақ кіре бастаған

уап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға *мәлім*. Ол сабырлы, момын пішінмен:

– Шүкірлік, әке, – деп біраз тұрды да, – ат барған соң, дәріс тәмам болмаса да, қазіреттің рұқсатын, фатикасын алып қайттым, – деді.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

5. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Абайдың анасы Ұлжанның: «Әй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр Сәлем бер!» – деген сөзінің астарында не жатыр? Сіздердің пікірлеріңіз қандай?
- Құнанбайға кімдер сәлем берді?
- Әкесі Абайға не айтты?
- Абай әкесінің сөзіне қалай жауап берді?

6. *Берілген үзіндіні қайталап оқыңыздар, оған тақырып беріңіздер.*

■ ЖАЗАМЫЗ

7. *Мәтіндегі негізгі ойды беретін сөйлемнің астын сызып, оны көшіріп жазыңыздар.*

Үлгі:

Тақырып: _____

Негізгі ой

(мәтіннен алынған сөйлем): _____

■ ОҚИМЫЗ

8. *Берілген үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*

– Өзі, тіпті, көшелі кісі боп қапты! – дей беріп еді, Құнанбай оның сөзін аяқтатпастан Абайға:

– Бар, ана *шешелерің* жаққа бар, амандас, балам! – деді. Абайдың күткені де сол еді. Әлі тосып, бар қозғалысын алыстан қарап, әңгіме етіп тұрған шешелерге қарай бұрылғанда, Абай қайтадан өзінің *жасына лайық* қуанышты бала қалпына келе қалды. Арт жағында жорға Жұмабай Абайдың бүгін оны қорқытқанын әңгіме қып жатты. Бала енді асығып, өз шешесіне қарай жақындай беріп еді, Жұманның қатыны, Қалиқа деген бір жеңгесі:

– Телғара! Айналайын, Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! – деп, мойнынан *құшақтай алып*, бетінен сүйді. Тағы бір жеңгесі – Үзгұттының қатыны Тобжан да сүйді. Содан кейін үлкен қатындар және осы топтағы үлкен еркектің, ағалардың да бір-екеуі сүйіп жатыр. Абайды шын балаға айналдырып жіберген осы сүй-

мәлім – жұртқа аян, белгілі, анық

Шеше – анасы

Жасына лайық – жас ерекшелігіне қарай әрекет

Құшақтау – екі қолымен қапсыра қысу

істер еді. Ол қысылып қызарғанмен, қашып құтыла алатын емес. Наразы боларын да, құптарын да білмеді. Бірнеше үлкен қатындардың көзінен жас та көрінді. Барлық үлкеннің құшағына амалсыз кезек-кезек кіріп болып, енді сытылып, шешесіне қарай баса берді. Абайдың өз шешесі Ұлжан мен екінші шешесі, сұлу жүзді – Айғыз қатар тұр екен.

Бала топтан шыға бергенде, Айғыз күліп:

– Пай, жаман қатындар *сілекейлеп*, баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау, – деп *паңдана* күлді де, Абайды көзінен сүйді. Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан *иіскеді*. Абайдың әкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бергі мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді. Бірақ бауырына басқанның өзінде де Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшағы!.. Ұлжан көп ұстаған жоқ.

– Әжеңе бар, әнеки! – деп, үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді. Кәрі әжесі Зере бәйбіше таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.

– Жаман неме, маған бұрын келмей, әкеңе кеттің-ау! Жаман неме! – дей беріп, қасына, құшағына немересі барғанда, «жаман неменің» артынан лезде:

– Қарашығым, қоңыр қозым... Абай жаным... – деп кемсендеп, жылауға айналып кетті. Әжесі құшақтаған бойында үлкен үйге кірген Абай ымырт жабылғанша осында болды. Шешелері бұған біресе қымыз, біресе тоңазыған ет, біресе шай ұсынып тықпалай берсе де, баланың бойына ас батпады. Жөндеп ішкен де жоқ. Күні бойғы аштығы да ұмытылған сияқты.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

9. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Құнанбай Абайға не айтты?
- «Абай қуанышты бала қалпына келе қалды», – деген жазушының ойын әрі қарай дамытып, анасын ұзақ уақыт көрмей, сағынған бала көңілін суреттеп бере аласыздар ма?
- «Айғыз ана Абайдың көзінен сүйді, ал өз шешесі Ұлжан бауырына басып, маңдайынан иіскеді», – деп, жазушы қазақ дәстүріндегі жылы шырай көрсету, жақын адамымен құшақтасып амандасуы маңызды қызмет атқаратынын ерекше суреттейді. Бұл сағынысып көріскен туыс адамдардың арасындағы салтанатты жарастық па? Сіздер қалай ойлайсыздар? Сіздің елдің дәстүріндегі амандасу әдебі қалай? Ой бөлісіңіздер.

Сілекейлеу – сілекейін жағу

Паңдану – баяу басу, ерекше мінез көрсететін

Иіскеу – мұрын арқылы иіс алу

■ ЖАЗАМЫЗ

10. «Әуезов – менің сүйікті жазушым» тақырыбында эссе жазыңыздар.

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Қажетті сөз тіркестерін қойып жазыңыздар.

Бала, ең алдымен, өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй,балам, әуелі ар жағында әкең тұр... Сәлем бер! – деді. Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үшбар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырының да, әкесіне қарай тез бұрылды.

- | | |
|-----------------|-------------|
| 1) көп сыртынан | 1) шырағым |
| 2) көп ішінен | 2) жұлдызым |
| 3) көп алдында | 3) құлыным |
| 4) көп соңында | 4) ботам |

- | | |
|---------------|-----------------|
| 1) үлкен қыз | 1) мәнін білді |
| 2) үлкен бала | 2) мәнін естіді |
| 3) үлкен кісі | 3) мәнін көрді |
| 4) үлкен іні | 4) мәнін ұқты |

2. Сәйкестендіріңіздер.

- | | |
|-------------|------------|
| 1) сағынған | а) сұрады |
| 2) тілеуін | ә) баласын |
| 3) амандық | б) әжесі |
| 4) кәрі | в) тілеу |

3. «Үлкендер» сөзінің мағынасын табыңыздар.

- 1) қариялар мен жігіттер
- 2) жасы үлкен адам
- 3) кейуана, әжелер
- 4) жасы үлкен балалар



ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ

(1909-1998)

Ақын, драматург, ғалым, Қазақстанның халық жазушысы.

Тұңғыш жинағы «Жаңа ырғақтар» (1933), «Оркестр» (1935), «Екі жиһан» (1938), «Шын жүректен» (1949), «Сүйген жүректер» (1951) өлеңдер жинағы жарық көрген. «Гүлденген дала» (1953), «Аралдар» (1958), «Көне қоңырау» (1973), «Құрдастар» (1977) жыр жинақтары, «Жүректілер», «Майра», «Жалғыз ағаш орман емес», «Қыз бен жігіт», «Маналы» пьесалары, «Өмір және поэзия» монографиясы бар.

■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

1. *Өлеңді тыңдаңыздар және оқыңыздар.*

Достық

тәңір – Алла тағала
әмір – бұйрық

Бірінші шумақ

Достыққа мен сенемін *тәңірімдей*,
Достық сөзі патшаның *әміріндей*.
Достарыма сенгеннен сынармын деп,
Тартынып бір көргенім жоқ әлі күнге.

безбеу – кетпеу

Екінші шумақ

Орны қымбат жастың да, кәрінің де,
Елегінен өттім ғой бәрінің де.
Көп жасадым, көп көрдім, көп қиналдым,
Сенгенімнен *безгем* жоқ әлі күнге.

алысу – күресу

Үшінші шумақ

Жаныммен жарастым табысқанға,
Қанжарластым ол үшін, қағысқанға.
Досымды мен бауырымнан жақсы көрдім,
Достық үшін *алыстым* арыстандай.

жарасу – тіл табысу

Төртінші шумақ

Ақ пейіліммен *жарастым* табысқанға,
Ұқсадым алыс бір таныстарға.
Досымды мен баламнан жақсы көрдім,
Озып одан көргем жоқ жарысқанда.

ақ тілеу – шын пейіл-
мен айтылған сөз

Бесінші шумақ

Сенгеніме қаныммен араластым,
Жүрегімнің жұмбақсыз кілтін аштым.
Соның ғана тіледім *ақ тілеуін*,
Қамын ойлап кетпедім қара бастың.

Алтыншы шумақ Шыдай білдім достықтың салмағына,
Қарамадым жалтақтап жан-жағыма.
Сақтық жасап сақтанып көргенім жоқ,
Әлдекімнің түсем деп қармағына.

Жетінші шумақ Достыққа мен сенемін тәңірімдей,
Достың сөзі патшамның әміріндей.
Достарыма өсіп ем арқа сүйеп,
Сеніп келем соларға әлі күнге.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

2. Өлеңнің мазмұнын түсінуге тырысыңыздар.

1) Сіздерге таныс сөздер: *достық, достар, жас, кәрі, қымбат, бауыр, бала*. Өлеңде мына сөздер көп қайталанады: «*достыққа мен сенемін...*», «*досымды мен жақсы көремін ...*», «*достық үшін алыстым...*», «*досымды мен баламнан жақсы көрдім ...*».

«Тәңірі», «патшаның әмірі» деген сөз және сөз тіркесіне көңіл бөліңіздер. Бұл сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер.

2) Үшінші және төртінші шумақтың үшінші жолдарын оқыңыздар: «*досымды мен бауырымнан жақсы көрдім*», «*досымды мен баламнан жақсы көрдім*». Қалай ойлайсыздар, досты бауыр, бала, ата-ана, туыстай жақсы көруге бола ма? Түсіндіріңіздер. Ақынның ұсынысы дұрыс па? Сіз досыңызды жақсы көресіз бе? Өз пікіріңізді дәлелдеңіз.

3) Өлеңді жаттап алыңыздар.

Өлеңді оқып шығыңыздар, түсінбеген сөздеріңіз болса, сөздікті пайдаланыңыздар.

■ ЖАЗАМЫЗ

3. Төмендегі сөздердің синонимдік және антонимдік қатарын жазыңыздар.

Сену	—	_____	_____
Қымбат	—	_____	_____
Жас	—	_____	_____
Өкпе	—	_____	_____
Жарасу	—	_____	_____
Жасыру	—	_____	_____

4. Берілген сөздерді қатыстырып, сөйлем құрыңыздар: *достыққа сену, жанымен жарасу, достықтың салмағы, қара бастың қамын ойламау, тілеуін тілеу*.

5. Досыңыз туралы эссе жазыңыз.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

6. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Сіздердің ең жақын бауырларыңыз сияқты достарыңыз бар ма? Ақынның достық туралы ойымен келісесіздер ме?
- Доссыз өмір сүру мүмкін бе? Сіздің досыңыз көп пе?
- “Достық үшін алыстым арыстандай” деген жолдарды қалай түсінесіз? Сіз досыңыз үшін не істедіңіз?
- Досыңызға өкпелеген кезіңіз болды ма?
- Досыңызға сенесіз бе? Достарыңызды сынап көрдіңіз бе?

7. Өлеңнің соңғы шумағын жаттап алыңыздар.

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Қажетті сөз тіркесін қойып жазыңыздар.

Достыққа мен сенемін тәңірімдей,
_____ патшаның әміріндей.

Достарыма сенгеннен сынармын деп,
Тартынып бір көргенім жоқ әлі күнге.

- 1) достық ақыл
- 2) достық әзіл
- 3) достық әні
- 4) достық сөзі

2. Сәйкестендіріңіздер.

- | | |
|--------------|--------------|
| 1) патшаның | а) көру |
| 2) достыққа | ә) әміріндей |
| 3) жақсы | б) салмағы |
| 4) достықтың | в) сену |

3. «Жалтақтау» сөзінің мағынасын табыңыздар.

- 1) күлу, қуану
- 2) ренжу, өкіну
- 3) ұялу, намыстану
- 4) жасқану, қорқу

ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ (1920-1989)

Қазақтың көрнекті ақыны – Жұбан Молдағалиев Батыс Қазақстан облысының Тайпақ ауданының Жыланды деген жерінде дүниеге келген. Ақынның тұңғыш өлеңі 1939 жылы “Орал” газетінде жарияланады.

■ ТЫҢДАЙМЫЗ

1. Поэмадан берілген үзіндіні зейін қойып тыңдаңыздар.

Мен қазақпын

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

Мен – қазақпын, ажалсыз анамын мен,
Құрсағыма сыйдырам даланы мен.
Пәк сәбимін бесікте уілдеген,
Дәуірлермен құрдаспын, данамын мен.

Мен – жігітпін, айқасқа, сынға асықпын,
Жүрегі бар кеудемде шын ғашықтың.
Жанартаудай жойқынмын жұлқынғанда,
Шарықтасам, қыран боп шыңға шықтым.

Мен – кара көз сұлумын, сайтан қызбын,
Сайрай қалсам, тілімнен бал тамғыздым.
Сүйер болсам, өмірдей өле сүйдім,
Қас батырмен қайрасқам балтам жүзін.


Сұрақ

- Өлеңде сіздерге таныс сөздер болды ма?

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

2. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Ақын өзін қалай таныстырады?
- «Дәуірлермен құрдаспын» деген тіркестің мағынасын қалай түсінесіздер?
- Поэмада қазақ жігіті қалай суреттеледі?



жөргек – жас нәрестені бөлеп орайтын жаялық
күн тұтылу – күннің бетіне көлеңке түсуі
түн түрілу – түн қараңғылығы сейілді

шарықтау – самғау, биікке ұшу

■ ОҚИМЫЗ

дию – ертегілерде айтылатын алып тұлғалы, сиқырлы күш иесі, пері
жезтырнақ – ертегі, аңыздарда айтылатын өткір жезтырнағы бар мыстан кемпір, қанішер, жауыз, бұзық
жебірі – жатаған сабақты, хош иісті, қурай тектес шала бұта
қорқау – нағыз жыртқыш қасқыр
еліру – елендеу, алаңдау, екілену, қызбалану
тән – адамның тұла бойы, денесі
қатпар – бір нәрсенің қабатталған, бүктелген жері
шежіре – тарихи жылнама, дерекнама, тарих
аманат – сақталып тұру үшін, я болмаса, бір адамға арнайы табыс етілу үшін берілетін зат
құлдық – құл болушылық, тәуелділік

өріс – ауыл маңынан шалғайлау оты мол, мал жайылымдылық жер

қыран – алғыр құстардың жалпы атауы
көлгірсу – бір нәрсені білмегенсу

жиіркену – лас, кір

3. *Берілген үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*
Қарсыласпай өлмедім, қан татырдым,
Құлап қалсам атымнан, қайта тұрдым.
Сансыз басты *диюдай* сан тіріліп,
«Мен – қазақпын» дегенді айта тұрдым.
«Мен – қазақпын» дедім хан Темірге де,
Жезтырнақша қадалды *жебірі* неме.
Шынғыс *қорқау* болғанда, мынау бөрі,
Біреуінен бірі кем *елірді* ме?
О құдай саналды, жұртты алдады,
О да мені өлтірді, құрта алмады.
О да кетті жегідей, жерімді отап,
О да салды денеме дыр таңбаны.
Таңба-таңба *тәнімнің* тыртықтары,
Қатпарына қаншама сыр тықпады?
Шежіренің беттерін ашар о да,
Оқи алсаң кітаптай, сүртіп қанын.
Ұлы *аманат* етейік еркіндікті,
Ел *құлдықты* білмесін, жер күндікті.
Аңсаймын мен, сенемін, туады ертең,
«Қазақ болу – зор бақыт».

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

4. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*
- Автордың ертеңгі күнге сенімі қандай?
 - Ақын өзінің қазақ болғанын не себепті зор бақыт санайды?

■ ОҚИМЫЗ

5. *Берілген үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*
Жайып салдым сырымды дос алдына,
От басында, *өрісте*, қос алдында.
Жан-жүрегі көзінен көрінетін
Қазақ, – дедім, отырған осы алдында...

Құс ішінде ұнайды *қыран* маған,
Күрт құлаймын құласам, бұраңдаман.
Іштей сүйем, сүйсем мен, іспен сүйем,
Көлгірсімен, көзіңше ұрандаман.

Ақку, бұлбұл – сүйіктім, туған атым,
Сұлулыққа, ән-жырға сұңғақпын.

Сауысқан мен қарғадан *жиіркенем*,
Бірі сұйқылт, біреуі сырғанақ тым.

Қызық көрем жәндікте құмырсқаны,
Тырмысқаны тынымсыз тұрмысқа әлі.
Белі үзілген *бейнетқор* қайтер еді
Бітсе менің күшімнің бір мысқалы?!

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

6. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Ақынға қандай құс ұнайды?
- Өлеңнен ақынның қазақ халқы жайлы айтқан көзқарасын табыңыз. Сіз ақынның пікірімен келісесіз бе?
- Ақын жәндіктен құмырсқаны не үшін қызық көреді? Оның себебі неде деп ойлайсыз?

■ ОҚИМЫЗ

7. *Берілген жыр шумақтарын мәнерлеп оқыңыздар.*

Қашан қазақ атандым мен азандап?
Әлі күнге білмейсің, ей, адамзат.
Есіміме береді бала жасын,
Құлпы тасты шұқыған кей азамат.

Өзі шешер тарих талас үнін,
Әйтеуір мен – адамның баласымын.
Екеу емес, адамзат біреу ғана,
Айырымы жоқ ақ өң мен қарасының.

Адамзатта айырым жоқ, адамда бар –
Адамдықта, әдетте, аранда бар,
Бөлтірігін жейтұғын бөрілер бар,
Бабасында сатады арамға олар...

Өшпейтұғын от іздеп құр сандалған,
Прометей мен болдым құрсауланған.
Жарқылдадым Исатай *найзасы* боп,
Махамбет боп тілінен жер саулаған.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

8. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Үзіндідегі ақынның негізгі ойы қандай?
- Бөлтірігін жейтұғын бөрілер бар, – дегенді қалай түсінесіздер?

нәрседен сескену,
жирену

бейнетқор – ең-
бексүйгіш, еңбекшіл

адамдық – адамға тән
ізгі қасиет
бөлтірік – қасқыр-
дың қарақұлақтанып
қалған күшігі
найза – ұшын темір-
ден істіктеп жасаған
ұзын сапты ескі соғыс
құралы, сүңгі

■ ОҚИМЫЗ

9. *Берілген жыр шумақтардың мазмұнымен танысыңыздар.*

«Қазақ елі – мереке» күйдің аты,
Аясындай аспанның күй қанаты.
Дірілдейді жас қыздай жігіт күткен,
Табиғаттың құз атап құйған заты.

Қандай дала Кентауы, Теміртауы,
Алтын тауы, жез тауы, көмір тауы?!
Қандай дала жас орман, жасыл жайлау,
Тұрған күліп төсінде өмір таңы?!
Мен – қазақпын, мен баймын, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім...

Мен – қазақпын қаныммен, сүйегіммен,
Сән-салтанат, салтымды сүйемін мен.
Бақ орнатам басына моланың да,
Мұрагермін оған да, иемін мен.

Мен – қазақпын жаныммен, жүрегіммен,
Еңбек өмір, ер өмір, жыр өмірмен.
Алабөтен болмаймын өзгелерден,
Өзгемен бір өзім боп жүремін мен.

«Қазақпын» деп досқа айтам ұғысатын,
Мақтан етсін атақты туысы атын.
«Қазақпын» деп жауға айтам *қасақана*,
Біліп қойсын, болса ойы *жұғысатын*.

Мен – қазақпын, адамзат, бір балаңмын,
Кетігіңе кірпіш боп кіл қаландым.
Октябрьде, космостық дәуірде
Барлаушысы боп жүрмін бұл ғаламның...

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

10. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Ақын даланың сұлулығын қалай суреттеген?
- Өлеңде қазақ жеріндегі қандай таулар туралы айтылады?
- Қайта тудым, өмірге қайта келдім... – деген өлең жолдарын қалай түсінесіздер?
- Ақын – «Мен – қазақпын» деп мақтанышпен айтады. Оның себебі неде деп ойлайсыз?
-

дірілдейді – дір-дір етіп қозғалу, қимылдау

сән-салтанат – көрікті, сәулетті

қасақана – әдейі, біле тұра
жұғысу – жақындасу, жанасу, араласу

■ ОҚИМЫЗ

11. Берілген шумақтарды мәнерлеп оқыңыздар.

Мен – қазақпын, жан Отан, бел балаңмын,
Махаббаты сенікі жер – даламның.
Ана сүйсе бір жүрек, менше сүйсін,
Кешір мені, аса айтсам – мен де адаммын.

*Құптасаң да, сөксең де сен өзің біл;
Кейде асқақтау сөйлесем мен өзім бір,
Құлағы естіп кенеттен, тілі шыққан
Саңырау-сақау құлқындай мінезім бұл.*

Кешір, ана, еркеңді елпілдеген,
Есесі бұл мың жылдың желпінбеген.
Дүр сілкіндім өзіңнің қанатыңмен,
Еркін келем тек сенің еркіңменен.

Тақтар өшті елімді елсінбеген,
Шақтар өшті мендейді менсінбеген.
Атым бар да, жоқ еді фамилиям,
Енді о да бар, оны да сенсің берген.

Қандай дүние жетеді балауына!
Бәрі сенің, жан Отан, қалауыңа!
Өз бейнеңдей әлемге тұр танылып,
Қазақстан Гербі де, Жалауы да..

Мен – қазақпын, биікпін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.
Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске –
Айта бергім келеді, айта бергім!

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

12. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Ақын қазақтың рухын, елін, жерін, Отанын қалай суреттеген?
- Автор неліктен кешірім сұрайды?
- «Дүр сілкіну» деген сөзді қалай түсінесіздер?
- Ақын Отанына қандай тілектер айтады?
- Қазақ елі өлеңде қалай жырланады?

құптау – бір нәрсені мақұлдау, қоштау
кенет – күтпеген жерден, қапелімде, жедел, шұғыл, тығыз
саңырау – құлағы естімейтін керең
сақау – тілінің мүкісі, ақауы бар
дүр сілкіну – тебіренеті, тітірентті

■ ЖАЗАМЫЗ

13. Поэманың мазмұнын өз сөздеріңізбен жазыңыздар.

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Қажетті сөзді қойып жазыңыздар.

Мен – қазақпын, _____ анамын мен,
Құрсағыма сыйдырам _____ мен.
Пәк сәбимін _____ уілдеген,
Дәуірлермен _____, данамын мен.

- 1) қазақсыз, баланы, құндақта, сырласпын
- 2) ажалсыз, даланы, бесікте, құрдасын
- 3) базарсыз, қаланы, жерде, мұңдасын
- 4) өлімсіз, көшені, үйде, доспын

2. Асты сызылған сөздің синонимін табыңыздар.

Мен – қазақпын, мен баймын, байтақ елмін,
Қайта тудым, **өмірге** қайта келдім...

- 1) дүниеге
- 2) далаға
- 3) кеңшілікке
- 4) асуларға

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ (1931-1976)

Мұқағали Мақатаев – қазақ поэзиясындағы аса көрнекті акын. Оның жырлары сұлулық сезіміне, терең ойға, көркем образдарға құрылған үздік лирика болып табылады.

■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

1. *Өлеңнің бірінші шумағын тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.*

Үш бақытым

Ең бірінші бақытым – Халкым менің,
Соған берем ойымның *алтын* кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан *нарқым* менің.

2. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Адамның бірінші бақыты не?
- «Алтын кен» дегенді қалай түсінесіздер?
- «Нарық» дегеніміз не?
- Акын нені «алтыннан қымбатырақ», – дейді?

■ ОҚИМЫЗ

3. *Өлеңнің екінші шумағын мәнерлеп оқыңыздар, тыңдаңыздар.*

Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен *тілімдедім*.
Кей-кейде дүниеден *түңілсем* де,
Қасиетті тілімнен *түңілмедім*.

■ ЖАЗАМЫЗ

4. *Сұрақтарға жауап жазыңыздар.*

- Акын екінші бақытым деп нені айтады?
- «Тас жүрек» деген тіркестің мағынасын қалай түсінесіздер?
- Акын дүниеден түңілсе де, неден түңілмейді?
- Акын тілді неге «қасиетті» санайды?



алтын – бағалы,
қымбат
қымбат – құнды,
бағалы
нарық – қадір-қасиет,
құн

тас жүрек – қатыгез,
мейірімсіз
тілімдеу – тілім-тілім
ету, кескілеу, жы-
рымдау
түңілу – күдер үзу,
қол үзу
қасиетті – қадірлі,
қастерлі, құрметті
түңілмеу – күдер
үзбеу, қол үзбеу

■ ОҚИМЫЗ

5. *Өлеңнің үшінші шумағын мәнерлеп оқыңыздар.*

Бақытым бар үшінші – Отан деген,

Құдай деген кім десе, Отан дер ем!

... *Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?*

Ойланбай-ақ кел дағы, от ал менен.

оты сөнген – ошағын ойрандаған, берекесі кеткен

жалған – жарық дүние, өмір, тіршілік

жан – адам, кісі

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

6. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

• Ақын үшінші бақытым деп нені айтады?

• Ақын өлеңінде кімді Отанға теңеп тұр?

• «Оты сөнген» деген сөзді қалай түсінесіз?

• «От ал менен» – дегенді ақын қандай мағынада айтып тұр?

■ ОҚИМЫЗ

7. *Өлеңнің төртінші шумағын мәнерлеп оқыңыздар.*

Түтін түтет,

Өс, өрбі, көгере бер,

Немерелер көбейсін, шөберелер.

Жадында ұста,

Жақсылық күтпегейсің,

От емес, оқ сұрасаң менен егер!

түтін түтет – өз

алдына үй болу

өрбу – көбею, өсіп-

өну, даму

көгеру – гүлдену,

жайлау, көктеу

немерелер – ұлынан

туған бала

шөбере – немереден

туған бала, үшінші

ұрпақ

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

8. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

• «Түтін түтету» деген фразеологизмнің мағынасын білесіз бе?

• «Түтін түтет, өс, өрбі, көгере бер,» – деген сөздер кімдерге арнап айтылған?

■ ОҚИМЫЗ

9. *Өлеңнің бесінші шумағын мәнерлеп оқыңыздар.*

Үш бірдей бақытым бар *алақанда,*

Мені *мұндай* бақытты жаратар ма!

Үш күн *нұрын төгеді* аспанымнан,

Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!

алақан – қолдың

саусақ пен білезік

аралығының ішкі жақ

аясы

мұндай – бұл сияқты,

дәл осындай, бұндай

нұрын төгу – шұғыл-

ласын төгу, нұрға

бөлеу

10. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

• «Үш бірдей бақытым» деп ақын нені айтқан? Түсіндіріңіздер.

■ ЖАЗАМЫЗ

11. Өлеңді қайталап оқып, бос жерлерге тиісті сөз тіркестерін қойып, өлеңді қалпына келтіріңіздер.

Ең бірінші бақытым – _____,
 Соған берем ойымның алтын кенін.
 Ол бар болса, мен бармын, _____,
 Қымбатырақ алтыннан _____.

Ал екінші бақытым – _____,
 Тас жүректі тіліммен _____.
 Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
 Қасиетті тілімнен _____.
 Бақытым бар үшінші – _____,
 Құдай деген кім десе, _____!
 ... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
 Ойланбай-ақ кел дағы, _____.

12. Өлеңнің жалғасын 2-ші бағанадан тауып, сәйкес келетін санмен көрсетіңіздер.

1. Ең бірінші бақытым – Халқым менің, ...	<input type="checkbox"/>	Қасиетті тілімнен түңілмедім.
2. Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын, ...	<input type="checkbox"/>	Соған берем ойымның алтын кенін.
3. Ал екінші бақытым – Тілім менің, ...	<input type="checkbox"/>	Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.
4. Кей-кейде дүниеден түңілсем де, ...	<input type="checkbox"/>	Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Бақытым бар үшінші – Отан деген, ...	<input type="checkbox"/>	Ойланбай-ақ кел дағы, от ал менен.
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?	<input type="checkbox"/>	Құдай деген кім десе, Отан дер ем!

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

13. Өлең мазмұнын кестедегі тірек сөздерді пайдалана отырып әңгімелеңіздер.

Ақынның бірінші бақыты	Ақынның екінші бақыты	Ақынның үшінші бақыты

14. Өлеңді жаттап алыңыздар.

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Өлеңінен қажетті сөздерді тауып қойыңыздар.

Үш бірдей бақытым бар алақанда,
 Мені мұндай бақытты жаратар ма!
 Үш күн _____ аспанымнан,
 Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!

- 1) сәулесін төгеді
- 2) жарқырап тұрады
- 3) нұрын төгеді
- 4) шұғыласын шашады

2. Өлең жолдарында қай сөз тіркесі түсіріліп жазылған, табыңыздар.

Түтін түтет,
 Өс, өрбі, көгере бер,
 Немерелер көбейсін, шөберелер.

_____,
 Жаксылық күтпегейсің,
 От емес, оқ сұрасаң менен егер!

- 1) есіне сақта
- 2) жадында ұста
- 3) есінде жүрсін
- 4) ойыңа сақта

3. Берілген сөйлемдердің сұрақтар бойынша дұрыс жауабын санмен көрсетіңіздер.

1. Ақын «Ойымның алтын кенін кімге берем», – дейді?	<input type="checkbox"/> көбейсін немерелер, шөберелер.
2. Дүниеден түңілсем де, неден түңілмедім, – дейді ақын?	<input type="checkbox"/> Ең бірінші бақытым – Халқым менің. Соған берем ойымның алтын кенін.
3. Ақын үшінші бақытым деп нені айтады?	<input type="checkbox"/> Кей-кейде дүниеден түңілсем де, Қасиетті тілімнен түңілмедім.
4. Кімдер көбейсін, – дейді ақын?	<input type="checkbox"/> Бақытым бар үшінші – Отан деген, Құдай деген кім десе, Отан дер ем!

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІ (1935-2011)

Ақын, Қазақстанның халық жазушысы.

Оның алғашқы «Ой орманы» (1965), «Дала дидары» (1966), «Бұлбұл бағы» (1967), «Ақ отау» (1968), «Домбыра» (1971), «Көш» (1973), «Жерұйық» (1976), «Көкпар» (1981), «Күміс қонырау» (1985), «Үкілі үзінділер» (1996), «Еңіреп өткен ерлер-ай» (2001), «Алмас жерде қалмас» сияқты өлең жинақтары жарық көрген.

Оның 200-ден астам өлеңіне ән жазылған. «Жаралы жолбарыс» драмасын жазған.



■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

1. *Өлеңді тыңдаңыздар және оқыңыздар.*

Оқу жылының соңғы күні

Бірінші шумақ	Тұрған жоқпын мен алдап,	1
	Қызықтар көп әлі алда.	2
	Демалысқа шықтық біз,	3
	Оқу жылын <i>тәмәмдап</i> .	4
Екінші шумақ	Әр дәптерді бір ұстап,	1
	Кімдер енді ұрыспақ?!	2
	Бітті бәрі ...	3
	Ұйқыны	4
	Қандырамыз дұрыстап!	5
Үшінші шумақ	<i>Күдеріңді</i> көп <i>үзбе</i> ,	1
	Жер түбінен мені ізде.	2
	Құмда жатып қызынып,	3
	Шомыламыз теңізде.	4
Төртінші шумақ	Балақтарың түріндер!	1
	Қармақ ала жүріндер.	2
	Мүмкін балық аулармыз,	3
	<i>Бұғаздардың</i> бірінде!	4
Бесінші шумақ	Осы кезде ауылда	1
	Пісіп қалар қауын да.	2
	Отырады <i>диқандар</i> ,	3
	<i>Үміт артып</i> жауынға.	4

тәмәмдау – аяқтау,
бітіру

күдер үзбеу – күту,
тосу

бұғаз – теңіздің бір-
бірімен жіңішкеріп
қосылған жері

диқан – егінші
үміт арту – сенім
арту

	Туған жердің ақ таңы,	1
	Қағар әлі қақпаны.	2
Алтыншы шумақ	Біз термесек,	3
	Ауылда	4
	Кім тереді мақтаны?!	5
	Қауіпті кез күз дейді.	1
	Күзден күдер үзбейді.	2
	Шаруашылық	3
Жетінші шумақ	Сасқанда	4
	Мына бізді іздейді.	5
	Жетер осы шолғаным,	6
	Жасау керек <i>жол қамын</i> .	7
	Қандай бақыт дегенмен	8
	Елге керек болғаның!	9

жол қамы – жолға
жиналу

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

2. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

Егер сіздерге өлеңдегі сөздер түсінікті болса, мына тапсырмаларды орындаңыздар:

1. Өлеңнің бірінші шумағын оқыңыздар. Өз сөздеріңізбен әңгімелеп беріңіздер. Өлең кімдерге арналған?
2. «Екінші шумақты оқыңыздар. Әр дәптерді бір ұстап, кімдер енді ұрыспақ?!» деген өлең жолын түсіндіңіздер ме? «Кімдер енді ұрыспақ?!» деген өлең жолындағы «кімдер?» – кім?
3. Өлеңнің үшінші шумағындағы бірінші жол: «Күдеріңді көп үзбе» деп аталады. «Күдер үзбе» дегенді қалай түсінесіздер?
4. Төртінші шумақты оқыңыздар. «Қармақ» сөзі түсінікті ме? Сіз қармақпен балық аулап көрдіңіз бе?
5. Бесінші, алтыншы шумақты оқыңыздар. Қауын және мақта қай аймақтарда өседі?
6. Жетінші шумақты оқыңыздар. Ақын неліктен «қауіпті күз» дейді?

■ ЖАЗАМЫЗ

3. *Берілген сөздердің синонимдері мен антонимдерін жазыңыздар.*

Қызық	–	_____	_____
Алдау	–	_____	_____
Көп	–	_____	_____
Тәмәмдау	–	_____	_____
Ұрысу	–	_____	_____
Күдер үзу	–	_____	_____
Үміт арту	–	_____	_____

4. Берілген сөздерді қатыстырып, сөйлем құрыңыздар: ұйқы қандыру, күдер үзбеу, үміт арту, жол қамын жасау.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

5. Берілген жоспардың мазмұнын ретімен орналастырыңыздар және бұл әрекеттердің жылдың қай мезгілінде орындалатынын көрсетіңіздер.

- құмда қыздырыну (...)
- теңізде шомылу (...)
- ұйқы қандыру (...)
- балық аулау (...)
- мақта теру (...)
- шаруашылыққа көмектесу (...)
- қауын жинау (...)

6. Өзіңіздің жазғы демалысыңыз туралы әңгімелеп беріңіз. Сіздің жоспарыңыз қандай?

7. «Қандай бақыт дегенмен, Елге керек болғаның!» – деген өлең жолдарын қалай түсінесіз? Сен өзіңді елге керекпін деп ойлайсыз ба? Түсіндіріңіз.

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР

1. Қажетті сөзді қойыңыздар.

- | | |
|---------------------|--------------|
| Осы кезде ауылда | 1) сәбіз де |
| Пісіп қалар _____. | 2) қияр да |
| Отырады диқандар, | 3) қарбыз да |
| Үміт артып жауынға. | 4) қауын да |

2. Сәйкестендіріңіздер.

- | | |
|--------------|-----------|
| 1) демалысқа | а) үзбеу |
| 2) күдерін | ә) жер |
| 3) теңізге | б) шығу |
| 4) туған | в) шомылу |

3. «Үміт арту» тұрақты тіркесінің мағынасын табыңыздар.

- 1) пайда келтіру
- 2) сенім білдіру
- 3) ашулану
- 4) сұрау, өтіну



БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ

(1924 – 1991)

Бердібек Соқпақбаев – балалар жазушысы. Оның «Менің атым Қожа», «Өлгендер қайтып келмейді», «Қайдасың, Гауһар» атты шығармалары тек қазақ тілінде ғана емес, әлемнің бірнеше тіліне аударылған.

«Балалық шаққа саяхат» атты шығармасынан алынған үзінді. Мұнда Беркен өз әкесі туралы айтады.

1. *Әңгіменің тақырыбын оқыңыздар.*

- «Балалық шаққа саяхат» деген әңгіменің тақырыбын оқығанда, сізде қандай ассоциация пайда болады?
- Әңгіме не туралы деп ойлайсыздар?

■ ОҚИМЫЗ

2. *Бірінші үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*

Балалық шаққа саяхат. Менің әкем

Мен бір жағдайда әкеме өте риза болатын едім – ол өмірбаян жазып, анкета толтырған кезде. Кез келген қарапайым анкетада әке, шешең кім болған деген сұрақ тұрады. О, бұл сұрақ барлық сұрақтың ішіндегі ең маңыздысы. Болашақ өмір маршрутының сызылуына оның жасайтын ықпалы өте зор. Мінекей, әлгі сұрақ алдымнан шыға келген кезде менің көзім жайнап кеткендей болады. Жауапты құлшына жазамын – әкем де, шешем де кедей болған. Жай кедей емес, қу тақыр кедей.

3. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Әңгіме кейіпкері анкета сұрақтарының ішіндегі маңыздысына нені жатқызады?
- Баланың болашақ өміріне әке-шешенің кім болғандығы ықпал ете ме? Бұл туралы әңгімеде қалай берілген?
- Кейіпкер әкесіне қандай жағдайда риза болады?

4. *Үзіндідегі негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді көрсетіңіздер.*

5. *Үзіндіге тақырып қойыңыздар.*

■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

6. *Екінші үзіндіні тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.*

Әкемнің жасы бұл кезде *отызды орталап* қалған. Соған қарамастан, *жүріс-тұрысы* қарт адамдар тәрізді. *Ырғалып-жырғалып* ол қозғалып болғанша, *өмір керуені* біраз жерге барып та үлгереді.

Жақсылық, жамандықтың бәрін де әкем *тәңіріден күтеді*. Дұрыстау өмір сүруге талпыну, *ертеңгі күннің қамын* ойлап маза-сыздану ол үшін жат нәрсе.

Шешем Әсбет тілді де *отты адам* еді. Әкемнің *ынжықтығын* бетіне басып, қайрап отыратын. Бірақ әкем ағаш пышақ тәрізді, қанша *қайраса да өтпейді*.

7. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Әкесінің жасы нешеде?
- Әкесінің жүріс-тұрысы қандай?
- Кейіпкердің шешесі әңгімеде қалай суреттелген?

8. *Үзіндідегі негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді көрсетіңіздер.*

9. *Үзіндіге тақырып қойыңыздар.*

10. *Үшінші үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*

Әкемнің бойы *ортадан төмен, иықты*. Өзі құсап сөлбіретіп *қияқ мұрт* қояды. *Уайымсыз* адам, *күйіп-піскенді* білмейді, жайбарақат. Мезгілсіз *тозып*, шаршамайды. Аш болса да, тоқ болса да, екі беті қып-қызыл. Тамақ таңдамайды, *өңешінен өткеннің бәрін* ішіп-жейді. Ауырмайды. Әкем тоғайдан кеш қайтады.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

11. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Әкесінің бойы қандай?
- Бет-бейнесі қандай?
- Әкесінің мінезі Беркенге ұнай ма?

12. *Үзіндідегі негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді көрсетіңіздер.*

13. *Үзіндіге тақырып қойыңыздар.*

14. *Сөздікті қолданып, төмендегі тақырыптар бойынша Беркеннің әкесіне сипаттама беріңіздер.*

1-үзінді Әкесінің мінезі	2-үзінді Әкесінің іс-әрекеті	3-үзінді Әкесінің портреті

отызды орталау –

жасы отыздарда

жүріс-тұрыс – қи-

мыл-қозғалысы

ырғалып-жырға-

лу – маң-маң басу,

жайбасарлық қылу,

асып-саспау

өмір керуені – тір-

шілік

тәңіріден күтеді –

жаратушыдан күту

ертеңгі күннің қамы

– болашақ келер күн-

нің жағдайы

отты адам – жігерлі,

қайратты адам

ынжық – сөзін тіке

айта алмайтын жасық,

жігерсіз

қайраса да өтпейді –

жігерленбейді, қайрат-

танбайды

ортадан төмен – ала-

са емес орташа

иықты – қапсағай

денелі, жауырынды

қияқ мұрт – жіңішке

сүйір мұрт

уайымсыз – қайғысы

жоқ

күйіп-пісу – ренжу,

ашу-ызаға булығыу

тозу – азып-тозғандық

өңешінен өткеннің

бәрі – тамақ, ас-су

■ ЖАЗАМЫЗ

15. «Мен және менің әкем» тақырыбына әңгіме жазыңыздар.

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Сөйлемдегі көп нүктенің орнына сөз тіркесінің қажеттісін қойыңыздар.

«Болашақ сызылуына оның жасайтын ықпалы өте зор».

- 1) қияқ мұрт
- 2) өмір маршрутының
- 3) уайымсыз адам
- 4) тәңірінен күтеді

2. Абзацтан қандай сөйлем түсіріліп берілгенін көрсетіңіздер.

Бірғалып-жырғалып ол қозғалып болғанша, өмір керуені біраз жерге барып та үлгереді. _____ .
Дұрыстау өмір сүруге талпыну, ертеңгі күннің қамын ойлап маза-сыздану ол үшін жат нәрсе. Шешем Әсбет тілді де отты адам еді. Әкемнің ынжықтығын бетіне басып, қайрап отыратын. Бірақ әкем ағаш пышақ тәрізді, қанша қайраса да өтпейді.

- 1) Аш болса да, тоқ болса да, екі беті қып-қызыл.
- 2) Тамақ таңдамайды, өңешінен өткеннің бәрін ішіп-жейді.
- 3) Жақсылық, жамандықтың бәрін де әкем тәңірінен күтеді.
- 4) Әкем тоғайдан кеш қайтады.

3. Қажетті сөз тіркесін көрсетіңіздер.

«Бірғалып-жырғалып ол қозғалып болғанша, біраз жерге барып та үлгереді».

- 1) өмір керуені
- 2) өңешінен өткен
- 3) тәңірінен күтеді
- 4) отты адам

ОРАЛХАН БӨКЕЙ (1943 – 1993)

Оралхан Бөкейхан – қазақ өнерінің айтулы саңлағы, әдебиетіміздің *асыл* қорына қосылған рухани қазынасының бірі «Құлашаның шоты еді» әңгімесінің авторы.

Әңгіменің басты кейіпкері – Құлаша. Әңгімеде Құлашаның мінез-құлқы суреттеледі.

■ ОҚИМЫЗ

1. Берілген үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.

Құлашаның мінезі

Апақ-сапақ уақытта апам екеуіміз қара көлеңке үйде жаңа ғана асылған қара картошканың қабығын аршып *қарбыта асап* отыр едік, ашық тұрған есіктен әлдене қараң еткендей болды да «*Ассалау...*» деген дыбыс шығарды. Сосын жым-жырт құлаққа ұрған танадай тыныштық орнады. Мен кәперіме алғаным жоқ, картошка мұрнымды қорс еткізіп тартып қойып, етпеттей жатып, қомпаң-қомпаң етемін. Апай *елегізе* құлағын түріп әрі-бері отырды да:

– Балам, шам жақшы, біреу «ас...салау...» дегендей болып еді, қайда жоғалып кетті? – деді.

– Жоқ, апа, «ассалау»... деген жоқ, «ас»... – деді.

– Тілің мен жағына сүйенбей шам жақ.

Атып тұрып май шамды тұтаттым.

– Жертөленің қақпағы ашық қалыпты ғой, жаба сал, – деді апам бұдан соң. Май шамды *пеш иығына* қойып, подвалдың қақпағын жабайын деп еңкейе бергенімде, зәрем зәр түбіне кетті.

– Ойбай, апа! – шоршып түсіп артына тығылдым. – Шұңқырда бірдеңе жатыр, ешкінің басы ғой деймін, сақалы бар.

– Өтірігіңе береке берсін, – деп, апам сене қоймады.

– Оллай-биллай, апа, мен сізді алдамаймын ғой. Текенің басы...

Апам қолын таяна орнынан тұрды да, май шамды алып подвалға жақындады. Мен де етегіне орала баспалай ердім. Жаңадан ғана төгілген картошканың үстіне сақалы шошайып, көзі бақырайған ешкібас шалдың серейіп жатқаны рас еді.

– Құдай-ау, мынау Құлаша ғой! – деді апам сасқалақтап. Бірақ қорқыныштың нышаны да білінбеді. – Өліп жатпасын пәле болғанда, қалай құлап қалып жүр?

– Өлгем жоқ, – деді *сұлқ жатқан* шал қимылдап.

– Демеп жібер қолтығымнан. Ауырсынып қалған секілдімін.

Апам подвалға қарғып түсіп, Құлашаны сүйрелеп шұңқырдан



апақ-сапақ уақыт – қараңғы түсе бастаған кезде
қарбыта асау – малынан асау, жеу
ассалаумағалайкүм – алланың нұры жаусын
елегізу – алаңдау, мазасыздану, тынышсыздану, әбігерлену

пеш иығы – пештің үстіңгі жағында

сұлқ жатқан – халі нашарлап, қимылсыз жатты

шығарды. Содан соң өзі подвалдың қақпағын мықтап жауып тастады. Еңкендеп барып төрге отыра берген Құлаша:

– ...мағалайкүм, – деп баған бастаған сәлемінің соңын айтты. Апам мырс етіп күліп жіберді.

2. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Алтай күзі қалай суреттелген?
- Әңгімеден Құлашаның мінезі суреттелген жерді тауып оқыңыздар.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

3. *Құлашаның ситуацияларға байланысты берілген мінезін мәтінен тауып оқыңыздар. Өз сөздеріңмен сипаттаңыздар.*

4. *Басты кейіпкердің мінезіне қандай баға бере аласыз? Ой-пікірлеріңізді білдіріңіздер.*

5. *Құлаша мен үй иесінің қарым-қатынасы туралы айтып беріңіздер.*

■ ЖАЗАМЫЗ

6. *Құлашаның іс-әрекетін сипаттап жазыңыздар.*

■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

7. *Үзіндіні тыңдаңыздар және мәнерлеп оқыңыздар.*

Қазандықтағы еттің бүлкілдеп қайнағанын естігіміз келгендей, сәл үнсіздік билеген. Құлаша *сақалын саумалап* отырды да, орнынан лып етіп тұрып, басын *тас бүркеніп*, бүк түсіп жатқан әпкемнің бетін ашты.

– Қалай, тәуірсің бе, қалқам?

Ұшықтағалы бес минут өтпей жатып, көңілін сұрағанға әпкем шындап ашуланды білем: «*Тәуір емесін!*» – деп, көрпесін қайта қымтанып алды.

– Сырқаттың беті бері қарапты, үні қатты шықты, – деді ол саспай.

Апам дастарқан жайып, ет түсірді. Буы бұрқырап, ағаш табаққа салынған ешкінің еті алдына келген соң, қынынан пышағын алып:

қазандық – қазан асатын ошақ; қазанаспа **сақалын саумалау** – сақалын тарамдау **тас бүркеніп** – үстін қалың көрпемен мықтап жауып алу **тәуір емесін** – сауықпаған, ауруынан айықпаған

– Мә, шайып әкелші, балам, – деп маған берді. Жүзін бас бармағыммен байқап көріп едім, ұстарадай лыпып тұрған өткір екен. Құлаша қолын жайып бата берді.

Аумин десең, міне, бата,
Дарысын Қыдыр ата.
Қыдырың қиялап,
Періштең ұялап.
Дерт иесі Лұқпан,
Денге саулық,
Басқа байлық беріп,
Құдайың жарылқасын,
Уызың арылмасын, аумин!

Бәріміз «аумин!» – деп, жарыса бет сипадық. Апам әпкеме сорпа апарып беріп, ет турап отырған Құлашаның (біз жақта етті қонақ кеседі) табаққа тастағаннан аузына «бісміллә» деп салғаны көбейіп бара жатқан соң, маған қабырға ұстата берді. Ағаш табақтың түбінде желінбей қалған ет соңғы етті шеңгелдеп алған шал апам қарап: «Құдайдың құдіреті, осы сіздің үйге келсем, тәбетім ашылып, сарайым сайрап шыға келеді. Байқайсыз ба, осыменен екі жапырақ ет жеп жібердім», – деп, қолындағы тұздығы сорғалаған етті қарбыта асай салды. Апам жымыды да қойды. Төргі бөлмеде ауырып жатқан әпкемнің де күлгені естілді.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

8. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Құлаша қалай бата берді?
- Сіз бата-тілек айтып көрдіңіз бе?
-

■ ЖАЗАМЫЗ

9. *Өзіңіз білетін бата сөздерді жазыңыз.*

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. *Құлаша қайда құлап түсті?*

- 1) төменге
- 2) жертөлеге
- 3) жолға
- 4) табалдырыққа

2. Сөйлем ішінен түсірілген Күләмидің сөзін көрсетіңіздер.

Ұшықтағалы бес минут өтпей жатып, көңілін сұрағанға әпкем шындап ашуланды білем: «_____» – деп, көрпесін қайта қымтанып алды.

- 1) Қабыл болды
- 2) Тәуір емеспін
- 3) Жақсы емеспін
- 4) Тәуір болды

3. Құлашаның батасында жоқ тілекті табыңыздар?

- 1) Құдайың жарылқасын
- 2) Денге саулық
- 3) Басқа байлық беріп
- 4) Үлкен күш

МАЗМҰНЫ

	Тақырыбы	Беті
1	Оқу және тіл дамыту кітабына кіріспе	3
2	Абай Құнанбаев Желсіз түнде жарық ай	4
3	Жамбыл Жабаев Менің пірім – Сүйінбай	11
4	Міржақып Дулатов Бақытсыз Жамал	13
5	Жүсіпбек Аймауытов Әнші Әмірқан	21
6	Мағжан Жұмабаев Түркістан	25
7	Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» поэмасы	28
8	Мұхтар Әуезов Қайтқанда	31
9	Әбділда Тәжібаев Достық	36
10	Жұбан Молдағалиев Мен қазақпын	39
11	Мұқағали Мақатаев Үш бақытым	45
12	Қадыр Мырза Әлі Оқу жылының соңғы күні	49
13	Бердібек Соқпақбаев Балалық шаққа саяхат. Менің әкем	52
14	Оралхан Бөкей Құлашаның мінезі	55

Ж.Қ.Түймебаев
Қ.Қадашева
У.О.Асанова
С.К.Омарова
Б.Г.Ашықбаева
А.И.Күлмаханова

«Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің
Оқу және тіл дамыту кітабы.
«Әдебиет әлемі»
(базалық деңгейге арналған)

Дизайнер
Еуразиялық дизайнерлер одағының мүшесі
А.О.Әміржанова



Пішімі 60x84 1/8. Гарнитура «TimesNewRoman».
Көлемі (шартты баспа табақ) 3,6. Таралымы 4000 дана.
IntellService баспаханасында басылды.